

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒЫРА ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ ПЕДАГОГ ЖӘНЕ БАСШЫ КАДРЛАРДЫ
ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУДІ
ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗГІ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҚ
ТАШКЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ
ҚҰРАМЫНДАҒЫ ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ
ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ ТАРМАҚ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақ тілі және әдебиеті білім бағыты

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМСІ
модулы бойынша

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН

Ташкент-2018

Бұл оқу-әдістемелік кешен Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің 20__ жыл “__” “_____” дағы “__” санды бұйрығымен бекітілген оқу жоспары және бағдарламасы негізінде істеп шығылған.

Түзушілер: Е.Абдувалитов – Низами атындағы ТМПУ,
“Орыс әдебиеті және оны оқыту әдістемесі”
кафедрасы профессоры, п.ғ.к.

Д.Дуйсебаева – Низами атындағы ТМПУ,
“Орыс әдебиеті және оны оқыту әдістемесі”
кафедрасы аға оқытушысы

Пікір жазған: А.Қалдыбекова – Низами атындағы ТМПУ,
“Жалпы педагогика” кафедрасы профессоры, п.ғ.к.

Оқу-әдістемелік кешен Ташкент мемлекеттік педагогика университеті Кеңесінің 2017 жыл “28” “декабр”дағы 5/4.13- санды қаулысымен баспаға ұсынылған.

МАЗМҰНЫ

I. ЖҰМЫСТЫҚ БАҒДАРЛАМА.....	4
II. МОДУЛДІ ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕР	12
III. ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУ МАТЕРИАЛДАРЫ	18
IV. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ	59
V. ОҚУ МОДУЛІ БОЙЫНША КЕЙС ҮЛГІСІ	68
VI. ӨЗІНДІК БІЛІМДІ ТАҚЫРЫПТАРЫ	73
VII. ГЛОСАРИЙ.....	75
VIII. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:	78

I. ЖҰМЫСТЫҚ БАҒДАРЛАМА

КІРІСПЕ

Бұл жұмыстық бағдарлама Өзбекстан Республикасы Президентінің 2015 жыл, 12 июндегі “Жоғары білім мекемелерінің және педагог кадрларды қайта даярлау және білімін жетілдіру жүйесін одан ары дамыту іс-шаралары туралы” ПЖ-4732-санды, 2017 жыл 7 февралдағы “Өзбекстан Республикасын одан ары дамыту бойынша Әрекеттер стратегиясы туралы” ПЖ-4997-санды Жарлықтары, сондай-ақ 2017 жыл, 20-апрелдегі “ Жоғары білім жүйесін одан ары дамыту іс-шаралары туралы” ПҚ–2909-санды қаулысында белгіленген үстем міндеттер мазмұнына сай түрде істеп шығылған болып, бағдарлама заманауи талаптар негізінде қайта даярлау және білім жетілдіру үдерістерінің мазмұнын одан ары дамыту, сондай-ақ жоғары білім мекемелері педагог кадрлардың кәсіби компетенциясын жүйелі түрде қалыптастыруды көздейді.

Жұмыстық бағдарламада “Қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқытудың әдістемесі” модулі бойынша республикамыздағы үздіксіз білім жүйесіндегі қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мазмұны, пәнді оқытудағы интербелсенді әдістер, жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен МБС келіп шыққан халде компетенциясы дәрежесіне қойылатын талаптарды күрделендіру және оқу үдерісін жобалау бойынша жаңа білімдер бойынша іскерлік және дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

Модулдің мақсаты және міндеттері:

“Жоғары оқу орнындағы қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі” модулінің мақсаты: тыңдаушыларда республикамызда тәлім-тәрбие саласында амалға асырылған реформалар, оқу басқыштарында қазақ тілі және әдебиетін оқытудың мақсаты мен міндеттері, және де пәннің оқыту мазмұнын күрделендіруден тұрады:

“Жоғары оқу орнындағы қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі” модулінің міндеттері:

- тыңдаушыларға республикамызда қазақ тілін оқыту бағыттарын және өзекті мәселелерін үйрену;
- қазақ тілі және әдебиетін оқытуда компетенциялық жандасуды қолдану және оқытушылардың дайындық дәрежесіне қойылатын талаптарды күрделендіру;
- қазақ тілі және әдебиеті пәнін озат шет ел тәжірибелерін қолдану және оқыту басқыштарында қазақ тілі және әдебиетін оқыту сапасын асыру, сондай-ақ интенсивті игерген әдістерін істеп шығуда үйрену;

- қазақ тілі және әдебиетін оқытуда заманауи интербелсенді әдістерді қолдану бойынша іскерлік және дағдыны қалыптастыруға бағыттаудан тұрады.

Модул бойынша тыңдаушылардың білім, ептілік, дағды және компетенцияларына қойылатын талаптар.

Тыңдаушы:

- республикамызда тәлім-тәрбие саласында амалға асырылатын реформалар мазмұнын;

- қазақ тілі және әдебиеті пәні мазмұнында бірізділік және үздіксіздігін қамтамасыз ету;

- қазақ тілі және әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері және жаңа оқыу әдістері;

- үздіксіз оқыту басқыштары қазақ тілі және әдебиеті пәнін мемлекеттік білім стандарты талаптарын шет ел стандартына сәйкестендеру мәселелері;

- қазақ тілі және әдебиеті сапасын асыру жолдары және заманауи сабақ қалыптары;

- қазақ тілі және әдебиеті пәнінен студенттердің ауызша және жазбаша тіл дамыту компетенциялары дәрежесін бағалау мөлшері, әдістері және олардың оқыту нәтижелерін бағалаудың маңызы сияқты білімдерге ие болуы керек;

- қазақ тілі және әдебиеті пәніндегі инновациялардан оқыту процесінде сапалы пайдалану;

- қазақ тілі және әдебиеті сабақтарында заманауи оқыту қалыптары, интербелсенді әдістер және құралдардан пайдалану;

- қазақ тілі және әдебиетінен белгіленген мемлекеттік білім стандарттары талаптарын орындауда тиімді нәтижелерге қол жеткізу;

- қазақ тілі және әдебиетін оқытуда студенттердің ауызша және жазбаша тілін дамыту компетенцияларын қалыптастыру;

- қазақ тілі және әдебиеті пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру арқылы олардың өзіндік пікірлеуін дамыту **дағдысына ие болуы** керек;

- қазақ тілі және әдебиеті оқытушының педагогикалық қызметін жобалау;

- озат тәжірибелерді педагог-оқытушының іс тәжірибелерін үйрену негізінде өзінің педагогикалық қызметін дамыту, кәсіби сапасын дамыту;

- қазақ тілі және әдебиетін оқыту үдерісінде студенттердің білімін әділетті бағалау механизмдерін, рейтинг бақылауда қаратылған дидактикалық құралдар: стандарт және стандарт емес тестер, сондай-ақ оқу

тапсырмалары және өзіндік жұмыстар кешенін істеп шығу сияқты **іскерлікке ие** болуы керек;

- қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқыту құралдары арқылы студенттерді ғылыми дүниетанымды және шығармашылық ойлауын дамыту;

- қазақ тілі және әдебиеті пәні сабақтарында инновациялық және педагогикалық технологиялардың сапалы әдістерін іздестіру және іс-жүзінде қолдану;

- сабақ процесінде студенттердің ауызша және жазбаша тілін дамыту компетенцияларын дамытуға қаратылған тиімді әдістер тізімінен мақсатты пайдалана алу **компетенцияларына ие болуы** керек.

Модулді ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсыныстар.

“Жоғары оқу орындарында қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі” модулін оқыту процесінде:

- оқытудың заманауи әдістері, педагогикалық технологиялары және ақпарат-коммуникациялық технологияларды қолдану көзде тұтылған;

- лекция сабақтарында заманауи компьютер технологиялар жәрдеміңде презентациялық және электрон-дидактикалық технологиялардан;

- практикалық жаттығуларда техникалық құралдардан, экспресс-сұрақтардан, тест сұрақтары, ақыл шабуылы, кіші топтармен жұмыс істеу, коллоквиум өткізу және басқа интербелседі оқыту әдістерін қолдану көзде тұтылады.

Модулдің оқу жоспарындағы басқа модулдермен байланысы және үздіксіздігі.

“Жоғары оқу орындарында қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі” модулі бойынша оқу жоспарындағы “Олий таълим жараёнини бошқаришда тизимли таҳлил ва бошқарув қарорларини қабул қилиш”, “Фанларни ўқитишда илғор хорижий тажрибалар”, “Олий таълим дидактикаси” ва “Педагогик квалиметрия” субмодуллерімен үздіксіз байланыста алып барылады.

Модулдің жоғары оқу орындарындағы орны.

“Жоғары оқу орындарында қазақ тілі және әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі” модулі тіл білімі және әдебиеттану негіздерін үйренуде педагогикалық технологиялардан пайдалану көзде тұтылады. Модулді меңгеру арқылы тыңдаушылар қазақ тілі және әдебиеті пәнін үйретуде заманауи оқыту әдістерінен іс жүзінде қолдану, жетістіктері мен

мүмкіндіктеріне сай мәселелерді бағалауға тиісті кәсіби компетенцияға ие болады.

Модул бойынша ажратылған сағаттар жүктемесі

№	Модулдің тақырыптары	Тыңдаушының оқу жүктемесі, сағаты					
		Барлығы	Аудиториядағы оқу жүктемесі				Өзіндік білім
			Жалпы	Теориялық	Практикал	Аудиториядан тыс	
1.	Қазақ тілі және әдебиетін оқытудың мақсаты және міндеттері мен оқу-әдістемелік базасы және оқу процесіндегі проблемалар	2	2	2			
2.	Заманауи оқыту әдістері және педагогикалық технологиялар. Оқытудың дәстүрлі болмаған қалыптары.	4	4	2	2		
3.	Тіл білімі салаларын оқыту әдістемесі	6	6	2	4		
4.	Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын жүргізу әдістемесі	6	4	2	2		2
5.	Қазақ әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері	6	6	2	4		
6.	Әдебиет пәнін оқытуда ауызша және жазбаша тіл дамыту технологиясы	6	4		4		2
Жалпы:		30	26	10	16		4

ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ

1-тақырып: Қазақ тілі және әдебиетін оқытудың мақсаты және міндеттері оқу-әдістемелік базасы және оқу процесіндегі проблемалар (2 сағат)

Қазақ тілі және әдебиетін оқытудың оқу-әдістемелік базасы және оның білім берудегі орны. Тіл және әдебиет әдістемесінің негізгі міндеттері: өз пікірін ауызша және жазбаша қалыпта нақты, әдеби тіл нормаларына сай түрде баяндау, сөзді мағынасына қарай түрлі мағыналарда қолдана алу іскерлігін меңгерген кадрларды даярлау екендігі. Бұл мәселедегі бар болған проблемалар. Қазақ тілі оқытуда тіл мүмкіндіктерін пайдалана отырып, студенттерде өзіндік және

шығармашылық ойлауды, ауызша және жазбаша сауаттылығын асыруға қаратылған оқу-тәрбие процесін дамытудағы орны.

2-тақырып: Заманауи оқыту әдістері және педагогикалық технологиялар. Оқытудың дәстүрлі болмаған қалыптары. (2 сағат)

Білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас (жаңа базистік оқу жоспарына көшу, білім мазмұнын жетілдіру, оқу әдістемелік кешендерге көшу, т.б.), жаңаша ойлау қалыптасуда. Қазір дәстүрлі білім беруде студенттерге тек пәндік білім, білік, дағдылардың белгілі жиынтығын меңгеруге ғана бағытталып, олардың жеке басының дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөліп отыр.

Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу тәрбиесі үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

3-тақырып: Тіл білімі салаларын оқыту әдістемесі. (2 сағат)

Тіл білімі салаларын оқытудың мақсаты мен міндеттері. Тіл білімі салаларынан берілетін білім мазмұны мен меңгерілетін ұғымдардың жүйесі. Тіл білімі салаларын оқыту ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері.

4-тақырып: Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын жүргізу әдістемесі. (2 сағат)

Қазақ тілін оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты - дұрыс, сауатты жазып, оқушының ауызша және жазбаша ойын грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Тіл дамыту жұмысы, негізінен төрт бағытта жүргізілген: бірі - мәдени әдеби сөйлей білу нормаларына үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру.

5-тақырып: Қазақ әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері. (2 сағат)

Әдебиет сабақтарына қойлатын талаптар. Әдебиет сабақтарында қолданылатын сабақ түрлері. Әдебиет сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдер. Көркем шығарманы талдау жолдары.

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ

1-практикалық жұмыс: Заманауи оқыту әдістері және педагогикалық технологиялар. Оқытудың дәстүрлі емес қалыптары. (2 сағат)

Интербелсенді әдістер және олардың өзіне тән ерекшеліктері. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сапасын арттыруда интербелсенді әдістердің орны. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда инновациялық технологиялардан тиімді пайдалану.

2-практикалық жаттығу: Тіл білімі салаларын оқыту әдістемесі. (4 сағат)

Қазақ тілін оқыту методикасы – мектепте оқылатын қазақ тілі материалдарын практикалық тұрғыдан оқушыларға саналы түсіндіретін ғылым саласы. Тіл дыбыстарын тіркестіруде де заңдылық бар. Кез келген дыбысты кез келген дыбыспен тіркестіре салуға болмайтынын аңғарамыз. Өйткені фонетика – фонемаларды - тіл дыбыстарын, олардың түрлерін, жасалу жолдарын, естілуін, жазылуын, дыбыстық алмасулар мен өзгерістерді, буын түрлерін, сөздерді тасымалдау заңдылықтарын, дыбыстардың үндесуін зерттейтін тіл ғылымының саласы. Мектеп бағдарламасында лексиканы оқыту мәселесіне тоқталар болсақ, лексика тіліміздегі сөз байлығын тексеретін ғылым саласы. Қазақ тілін оқытумен байланысты, атап айтқанда, фонетика, морфология, синтаксисті оқыту сөзден тыс қарастырылмайды. Тіліміздегі сөздер тіл дыбыстары арқылы, морфология сөздің лексикалық, грамматикалық мағынасына қарай, ал синтаксис сөздердің мағыналық, әрі грамматикалық байланысына қарай көрінеді.

3-практикалық жұмыс: Қазақ тілі сабақтарында талдау жұмыстарын жүргізу әдістемесі. (2 сағат)

Қазақ тілін оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты - дұрыс, сауатты жазып, оқушының ауызша және жазбаша ойын грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету.

Тіл дамыту жұмысы, негізінен төрт бағытта жүргізілген: бірі - мәдени әдеби сөйлей білу нормаларына үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. Екіншіден, лексикалық жұмыстары жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделеді. Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздердің байланысын, сөйлем құратып үйрету,

сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы синтаксистік лексикадан білім бері. Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі.

4-практикалық жұмыс: Қазақ әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері. (4 сағат)

Оқыту процесі - бұл мұғалім мен оқушылардың белгілі бір мақсатқа бағытталған өзара әрекеттестігінің барысында оқушыларға білім беру міндеттерін шешу. Оқыту процесінің құрылымдың компоненттері мыналар: Мақсат. Педагог Оқушы, білім алушы. Оқыту әдістері. Оқытуды ұйымдастыру түрі. Алған білімді өмірде қолдана білу, нәтижесін көру. Педагогикалық диагностика. Негізгі қайшылықтар - оқыту процесінің қозғаушы күші. Оқыту - екі жақты процесс - оқыту және оқу. Оқыту - қоғамдық қарым-қатынастың субъектісі ретінде адамды дайындау қажеттілігінен туындаған әлеуметтік негізделген процесс. Бұдан шығатын қорытынды - оқытудың әлеуметтік қызметі әлеуметтік талаптарға сәйкес тұлғаны қалыптастыру. Тұлғаны қалыптастырудың негізі, қайнар көзі - әлемдік мәдениет, адамзаттың ғасырлар бойы жинақтаған рухани және материалдық байлығы.

5-практикалық жұмыс: Әдебиет пәнін оқытуда ауызша және жазбаша тіл дамыту технологиясы. (4 сағат)

Сабақта әдеби тілді меңгеруі әр түрлі тапсырмалар мен өздік жұмыс түрлерін орындату арқылы жүзеге асады. Бұл жұмыстар мәтінді талдаумен тығыз байланыста жүргізіледі. Мәселен, төменгі сыныптарда шағын, жай, хабарлы сөйлемдерге құрылған мәтіндер алынса, жоғары сыныптарда көлемдірек, суреттеме, диалогқа құрылған мәтіндер таныстырылады. Тіл ұстарту – оқушылардың әдеби тіл нормаларын сақтай отырып, көркем, айқын, нақты сөйлей алуы. Тіл дамытуда оқушыларға мәтінді дауыстап немесе іштей оқыту, мәнерлеп оқыту, мазмұндату, сұрақтарға жауап беру, көркемдік ерекшелігін талдау жұмыстарын жасайды. Одан әрі көркем шығарманың жекелеген элементтерін ажыратып, талдап, жай және күрделі жоспар түрлерін жасау жұмыстарымен жалғасады.

ӨЗІНДІК БІЛІМ МАЗМҰНЫ

Модульге тиісті үйренілген материалдар бойынша тыңдаушылар тарапынан өтілген тақырыптар негізінде өзіндік жұмыс орындалады. Өзіндік жұмысты ұйымдастыруда әр бір тыңдаушы өзіндік меңгеруі мен қабілетін есепке ала отырып төмендегі формалардан пайдалануға болады:

1) кейбір теориялық тақырыптарды оқу әдебиеттер көмегеніде үйрену; 2) берілген тақырып бойынша реферат дайындау және қоғрау; 3) шығармашылық тапсырма немесе мақала дайындау.

ОҚЫТУ ҚАЛЫПТАРЫ

Бұл модуль бойынша төмендегі оқыту қалыптарынан пайдалану:

- лекциялар, парктикалық жаттығулар, (ақпараттар мен технологияларды меңгеру, теориялық білімдерді бекіту);

- дөңгелек стол (берілген тапсырманың шешімі бойынша ұсыныстар беру қабілетін арттыру, тыңдау, сезіну және логикалық қорытынды шығару);

- пікірталас (берілген тапсырмалар бойынша анық фактілер мен нақты аргументтерді ұсыну, тыңдау және проблемалардың шешімін табу қабілеттерін дамыту).

БАҒАЛАУ МӨЛШЕРІ

№	Бағалау түрлері	Максимал балл	Балдар
1	Кейс тапсырмалары	2.5	1.2 балл
2	Өзіндік жұмыс тапсырмалары		0.5 балл
3	Практикалық тапсырмалар		0.8балл

II. МОДУЛДІ ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕР

«**Ми шабуылы**», «**ми штурмы**» («**дельфи**» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез-келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек.

«**Ми шабуылы**» хабарландыруды анықтау керек болғанда және/немесе қатысушылардың белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Өткізу алгоритмі:

1. Қатысушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырып немесе сұрақ беру.

2. Осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау.

3. Айтылғандардың барлығын жазу (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек). Егер сізге ол түсініксіз болатын болса, айтылғандарды қайталап анықтауға жол беріледі (кез-келген жағдайда идея қатысушының аузынан қалай шықса, солай жазылады).

4. Барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек, және қатысушылардың сөзінен сіз не жазып алдыңыз соның барлығын тізіп шығу керек.


5. Қатысушылардан, олардың пікірі бойынша алынған нәтижеден қандай қорытынды жасауға болатынын және тренингтің тақырыбымен байланысты оның қалай болатынын сұрай отырып жұмысты аяқтау қажет.

«**Ми шабуылы**» аяқталғаннан кейін (көп уақытты алмай, орташа 4-5 минут), жауаптың барлық нұсқаларын талқылау керек, бастыларын және келесілерін таңдау қажет. «**Ми шабуылы**» қажеттілігіне қарай тиімді әдіс болып табылады:

- даулы мәселелерді талқылау
- талқылауға қатысуға онша сенімді емес қатысушыларды ынталандыру;
- қысқа мерзім ішінде идеяны көптеп жинау;
- дәрісханалардың дайындығы мен хабарландырылуын анықтау.


«**Балық склеті**» әдісі.

Бұл әдіс белгілі бір тапсырма бойынша проблемаларды шешуге өз көмегін тигізеді. Мысалы, АКТ пайдаланып сабақ өту барысында қандай кедергілерге кез болып жатырсыз. Проблемалар және оларды шешу әдістерін балық склетінің жоғары және төменгі бөліктеріне жазып шығасыз.



«Тармақтау» әдісі (Кластер).

Белгілі бір пікірдің тармақталуы – бұл педагогикалық стратегия болып, әдіс тыңдаушыларды бір тақырыпты терең меңгеруге көмек береді. Тыңдаушылардың тақырыпқа тиісті немесе нақты пікірді еркін және ашық тәрізде ізбе-із үздіксіз халде тармақтауға үйретеді. Бұл әдіс белгілі бір тақырыпты терең үйренуден алдын оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға және арттыруға өз септігін тигізуі мүмкін. Сондай-ақ өтілген тақырыпты бекітуге, толық меңгеруге, тыңдаушылардың тақырып бойынша көзқарастарын сызба қалпында бейнелеуге үйретеді.



Рөлдік ойын

Рөлдік ойын - бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын-ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы.

Рөлдік ойындар шағын топтарда (3-5 қатысушы) жүргізіледі. Қатысушылар карточка арқылы (тақтада, қағаз парақтарда және т.б.) тапсырма алады, рөлдерді бөледі, жағдайды ойнайды және барлық топқа ұсынады (көрсетеді). Оқытушы балалардың мінез-құлқын ескере отырып рөлді өздері бөледі.

Бейнефильмдерді көру және талқылау

Сабақтарда дүлей апаттардың қаупін төмендету жөнінде көркем және деректі бейнефильмдерді, олардың фрагменттерін, сондай-ақ бейне-ролиқтер мен бейнесюжеттерді пайдалануға болады.


Тиісті мазмұндағы бейнефильмдерді тек қана қосымша материалдар ретінде емес, сабақтардың және тренингтердің кез-келген түріне оның тақырыбы мен мазмұнына сәйкес пайдалануға болады.

Фильмді көрсетер алдында оқушылардың алдына бірнеше (3-5) шешуші сұрақтар қою керек. Бұл келесі талқылауға салудың негізі болады. Алдын ала таңдалып алынған кадрлармен фильмді тоқтатып, пікір сайыс өткізуге болады.

Соңында оқушылармен бірігіп міндетті түрде жиынтығын шығару және қорытындысын жариялау керек.

“Ақыл картасы” әдісі - тақырып немесе оқу материалын графикалық түрде баяндау әдісі болып, ақпараттарды жүйелі, тәртіпті және визуалды меңгеру мүмкіндігін береді.

Қолдану мақсаты және формасы: лекция жаттығуларында – жаңа білімдерді баяндау, топтық; семинар жаттығуларында - білімдерді тексеру, бекіту, кіші топтарда; өзіндік білім – шығармашылық және сыни ойлау біліктілігін дамытуда, индивидуал;




“Венн диаграммасы” әдісі.

Бұл әдіс тыңдаушылар тақырыпқа бойынша материалдарды салыстыру, кейбір бөлімдер негізінде тақырыптың жалпы мазмұнын игеру дағдыларын

калыптастыруға көмектеседі. Әдіс кіші топтарда нақты схема бойынша жүзеге асырылады.

Әдіс төмендегі көріністе болып, тапсырмалар осы схемаларды толытру негізінде орындалады.



Бұл әдіс тыңдаушылардың меңгерген өзара бір-біріне жақын болған теориялық білім немесе материалдардың ұқсас жақтары мен ерекшеліктерін салыстыруға көмек береді. Бұл әдісті белгілі бір бөлім немесе тарау бойынша қорытынды сабақтарда пайдаланса мақсатқа сай болады.

INSERT әдісі. Бұл әдіс бойынша тыңдаушыға оқу, тақырыппен танысу барысында «V – "білемін", — - "мен үшін түсініксіз", + - "мен үшін жаңа ақпарат", ? – "мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, студенттер арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Студенттер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады.

V	-	+	?

CASE-STUDY ӘДІСІ (КЕЙС-СТАДИ)

Кейс әдісі нақты жағдайлар тұрғысынан академиялық теорияларды көрсетуге мүмкіндік береді. Ол студенттерді пәнді оқуға, білімді терең меңгеруге, ақпаратты өңдеуге және талдауға, әр түрлі жағдайларды саралауға мүмкіндік береді.

CASE-терді құрудың келесі негізгі сатылары белгіленген: мақсаттарды анықтау, әр түрлі жағдайларға критерилерді тағайындау, қажет ақпарат көздерін белгілеу, CASE – тегі алғашқы материалдарды дайындау, сараптама жасау, оны қолдану бойынша әдістемелік материалдар дайындау. Оқу процесіндегі кейстермен жұмыс жасау технологиясы келесі сатылардан тұрады:

1) кейс материалдарын зерттеушілердің жеке өзіндік жұмысы (мәселені сәйкестендіру, негізгі баламаларды тұжырымдау, ұсынылған әрекетті немесе шешімді ұсыну);

2) негізгі мәселені енгізуге және оны шешуге байланысты шағын топтармен жұмыс.

3) жалпы дискуссиядағы (оқу тобы шегінде) шағын топтардың тұсаукесерлері және тәжірибе нәтижелері.

III. ТЕОРИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУ МАТЕРИАЛДАРЫ

1-ТАҚЫРЫП: Қазақ тілі және әдебиетін оқытудың мақсаты және міндеттері мен оқу-әдістемелік базасы және оқу процесіндегі проблемалар

Жоспар:

- 1. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және әдістемесінің мәселелері**
- 2. Әдебиетті оқыту – ғылым.**
- 3. Әдебиет пәннің басқа ғылымдармен байланысы.**

Тірек ұғымдар: әдістеме, нысан, әдіс-тәсілдер, дидактика, теория, қазақ тілін оқыту мәселелері, зерттеу әдістері, репродуктивті әдіс.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі және әдістемесінің мәселелері

Қазақ тілін оқыту әдістемесі және оның зерттеу нысаны. Қазақ тілін оқыту әдістемесі педагогика ғылымының бір саласы болып табылады. Ол өз алдына дербес ғылым. Өйткені оның өзіндік зерттейтін нысаны, мазмұны, зерттеу әдістері мен тәсілдері бар. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттейтіні оның оқыту жолдары мен жағдайлары туралы заңдылықтар. Бұл заңдылықтар педагогика, психология және лингвистика ғылымдарының негізінде жинақталған практикалық тәжірибе мен бұрыннан қалыптасқан теориялық қағидалардан, тұжырымдардан шығарылады. Егер нақтылап айтсақ, оқыту әдістемесі мына мәселелерді зерттейді: 1) мақсаттары (не үшін оқыту керек?); 2) мазмұны (нені оқыту керек?); 3) ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?); 4) құралдары (ненің көмегімен оқыту керек?); 5) оқыту кезінде оқушылардың білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұштастық мәселелері. Бұл проблемаларды шешу мектепте тәрбие мен білім берудің жалпы мақсаттарын белгілейді.

Қазақ тілі әдістемесінің мәселелері. Зерттеудің теориялық әдістері. Ең алдымен назар зерттелетін құбылыстардың, процестердің заңдылықтарын жинақтауға, анықтауға, қалыптастыруға бағытталады. Соңғы жылдары оқыту әдістемесінде жүйелі құрылымдық әдіс қолдана бастады. Оның мәнісі - зерттеу өзара байланысты элементтерден құрылған біртұтас жүйелерінде қаралады, элементтер арасындағы өзара байланыстылық пен қарым-қатынасқа басты назар аударылады. Осыған сәйкес оқыту әдістемесінде мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты анықтау қажеттілігі туады (яғни оқыту мен білім алу), оқытудың мақсаттарымен, мазмұнымен, әдістері, құралдарымен, оқушылардың білімді қабылдауы, дамуы және тәрбиелену арасындағы байланыстарды анықтау қажет болады Оқытудағы жүйелі-құрылымдық

әдіс сабақтың мақсатын анықтауды, осы мақсаттарға байланысты оқытудың мазмұнын, әдістері мен құралдарын сұрыптап ала білуді, сабақтың тиімділігін бағалауды көздейді. Жүйелілік әдіс мұғалімнің бағдарлама бойынша бірнеше сабақты жоспарлап, дайындалуына мүмкіндік береді, әр сабақтың өзіндік ерекшеліктері мен мақсаттары, мазмұны, оқыту әдістері жағынан, оқушылардың танымдық әрекетінің сипаты жағынан өзара байланыстылығы сақталады.

Қазақ тілін оқытудың мақсаттары мен міндеттері Қазақ тілі оқыту мақсаттары үш топқа біріктіріледі. 1. Білім беру мақсаттары: оқушыларға ана тілі туралы ғылымның негіздерін беру; тілдің қоғам өміріндегі маңызын аша көрсетіп, оны меңгерудің өндірісте, қоғам өмірінде аса қажетті екендігін түсіндіру; оқушының ана тілінен жақсы білім алуына мүмкіндік туғызу; тілдің қатынас құралы екендігіне көздерін жеткізу; түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерін дамытып, онымен қаруландыру; оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастыру; өздігінен сөйлей, жаза білуге жол ашу. 2. Тәрбиелік мақсаттар: оқушылардың тілдік құбылысқа көзқа-расын қалыптастыру; тілдің адам қоғамымен бірге жасасып, өмір сүретінін, қоғам үшін қажетті қарым-қатынас құралы болатындығын түсіндіру; тілдің жан-жақты дамуына жасалып отырған жағдай қазақ тіліне мемлекеттік дәреже беру актісімен дәлелденіп, оқушылардың сенімін арттыру, көздерін жеткізу; оқушылардың салт-дәстүр сезімдерін қалыптастыру, қазақ тілі сабақтарында еңбек тәрбиесін уағыздап, еңбек ардагерлері жайындағы мағлұматтар арқылы еңбекке баулу. 3. Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту: ана тіліне деген қызығушылықты арттыру; оқушылардың байқағыштық, елес-болжамдық, ес, ойлау, сөйлеу қабілеттерінің дамуына жол ашу; оқушылардың тілдік проблеманы өздері шеше алатындай дәрежеде үйрету; тіл фактілеріне, құбылыстарына жан-жақты, жинақты түрде қарау қабілетін, өз бетімен тіл фактілерін талдау іскерлігін қалыптастыру. **Қазақ тілі пәнінің міндеттері:** 1) Толық сауатты адамдар даярлау; 2) оқушылардың творчестволық күштерін, танымдық қабілетін, өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамыту. **Қазақ тілі және пәнаралық байланыс.** Қазақ тілі мен басқа пәндер арасында, әсіресе, әдебиет, орыс және шетел тілі пәндерінің арасында, сондай-ақ тарих, география т.б. пәндері арасында тығыз байланыс болады. Бұл байланыс көбінесе тіл ұстарту мақсатында жұмсалады. Өйткені бағдарламада тіл ұстарту жұмысы тіл мен әдебиет пәндеріне ортақ. Бұл ортақтық мектепте бүкіл оқу мерзімі уақытында тіл ұстарту жұмысының жүйесін жасауға, оқушылардың сөздік қорын байытуға, олардың сөйлеуіндегі қателерді

түзетуге мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында мәнерлеп оқу кезінде оқушылар жіберген қателерді үнемі түзетіп отыруға (дауыс ырғағын дұрыс қоя білу т. б.) жол ашылады.

Әдебиетті оқыту - ғылым

Әдебиетті оқыту әдістемесі - көне ғылымдардың бірі. Әдебиет пен әдебиетті оқыту ғылымы және пәні уақыт идеясымен байып, өзгеріп, түлеп отырады. Әдебиетті ғылым ретінде оқыту әдістемесі оқытудың теориясы мен жалпы принциптерін негіздейтін дидактика, әдебиет тарихы, теориясы, методологиясын қарастыратын әдебиеттану, тарих, тіл, музыка, бейнелеу өнерімен тығыз байланысты. Психологиямен әдебиетті оқыту әдістемесі екі аспектіде тоғасады.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ даласында үш түрлі мектеп қатар өмір сүрді. Олар: Жадит мектебі, медресе, Ы.Алтынсарин мектебі. Ыбырай Алтынсарин мектебі демократиялық оқу-ағарту жүйесінен туған халық мектебі саналды. Ұлы ағартушының мектептері халық ағарту ісіндегі зор тарихи жаңалық болды. Оқу жүйесіне Ы.Алтынсарин енгізген жаңалықтың тарихи маңызы зор. Ыбырайдың педагогикалық көзқарасы орыс халқының прогресшіл педагогтары КД.Ушинский, Н.А.Корф, Л.Н.Толстой, В.В.Водовозов, В.Я.Стоюнин тәжірибелерімен тығыз байланысты.

XIX ғасырдың екінші жартысында (Шоқан, Абай), XX ғасырдың басында жасаған қазақтың демократ-ағартушыларының (Шәкәрім, С.Көбеев, Е.Өтетілеуов, С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов т.б.) ескілік қалдықтармен күресі, жастарды оқуға, өнерге, жаңа өмір орнатуға, мәдениетке үндеудегі еңбектері ерен.

Әдебиеттік оқу, тарихи курс бағдарламалары мен оқулықтарын жасауда С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, С.Қирабаев т.б. еңбектерін ерекше атауға болады. Сондай – ақ, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің негізін қалап, дамытуда Ә.Қоңыратбаев пен А.Көшімбаевтың алатын орны да айрықша.

Мектеп реформасының талаптарына орай қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі алдында тұрған актуальды мәселелер көп.

1970 - жылдан мектепте әдебиет тарихы, әдебиет сыны мен теориясының оқытылуы жүйелі жүзеге асырылып келеді. Педагогикалық озат тәжірибе, оның халыққа таралуы, насихатталуы қолға алынып, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жетілдіруге байланысты зерттеу жұмыстары қарқынды жүре бастады. Бұл істе "Қазақ мектебі", "Қазақ тілі мен әдебиеті", "Білім" журналдары, "Қазақстан мұғалімі" газетінің ролі зор.

Қазіргі кезеңде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға арналған ғылыми-методологиялық республикалық конференциялар мен педагогикалық оқулар өткізіліп отырады. Жаңа оқу бағдарламасына көшуге сай өткізілетін курс, семинарлардың маңызы да зор. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін тереңдете оқытатын арнаулы мектептер, гимназия, лицей, атаулы мектептердің ашылып, нәтижелі жұмыс істеп келеді.

Оқыту – екі жақты процесс, сондықтан оның сапасы өткізілетін сабаққа деген оқушылардың көзқарасына, олардың таным белсенділіктерінің деңгейіне, оқытушы еңбегінің дидактикалық тұрғыдан жетілдірілуіне тікелей байланысты. Қазіргі жаңа технологияның басты мақсаты – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту оқушының танымдық белсенділігін, сабаққа қызығушылығын аттыруға көмектеседі.

Әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі – иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық әдіс, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше.

Әдебиет пәннің басқа ғылымдармен байланысы

Еліміздің егемендік алуымен байланысты әлеуметтік–экономикалық салаларымыздың барлық жақтарында жаппай өзгерістер, жаңа бастамалар, серпінді қадамдар жасалып жатыр. Білімнің мазмұны ғылымдардың өзара байланысы, өндіріс пен қоғамдық дамудың жаңару барысына тікелей ықпал жасайды. Осы орайда мектептің оқу-тәрбие үдерісінің пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастырылуы, ғылымдар жүйесінің бір арнаға тоғысуы, адамның интеллектуалдық өрісін байытумен бірге, бүкіл адамзаттық құндылықтар көзінің де бірлігін, жалпы ақиқат дүниенің біртұтас жүйе екендігі туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Мектептерде әр сыныпта сабақты түрлі пәндермен байланысты оқытудың жаңа технологиялар арқылы ұйымдастыру баланың ойлау белсенділігін арттырады, оқушыларды құбылыс мәніне терең үңілуге, мүмкіндіктерін нақты жағдайда қолдануға үйретеді. Пәнаралық байланыстарды ұйымдастыру оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің оянуына да септігін тигізеді.

Жалпы өскелең ұрпақты жетілдіруде мектептің білім мазмұнын одан әрі жаңарту, жоғары деңгейге көтеру үнемі ғылымдар жүйесінің бір – бірімен тығыз байланыста болуы пәнаралық байланыстың негізінде қарастырылуы керек.

Пәнаралық байланысты жан-жақты педагогикалық–психологиялық, әдістемелік жағынан зерттеуге бұрынғыдан да зор маңыз беріліп отыр.

Бұл мәселемен көптеген ғалымдар: М.А.Данилов, В.В.Давыдов, Р.Г.Лемберг, В.Н. Малахов, Я.А. Коменский, Н.Г. Чернышевский шұғылданып келді. Олар пәнаралық мәнін, құрылымын әдіснамалық деңгейде қалыптастырған. Пәнаралық байланысты жан-жақты қарастырғандар: Н.В.Малахов, И.А.Лошкарева, И.Д.Зверев, М.Р. Львов, Н.Я.Велинкиндер болды.

Республикамызда пәнаралық байланысты зерттеп, өзіндік пікір айтып жүрген ғалымдарымыз баршылық, мәселен: Қ.Мұханов, С.Мұсабаев, А.А.Бейсенбаева, Р.Абасова тағы басқалар болды.

Көптеген педагогтар мен психологтардың пікірлеріне қарағанда, оқушылардың түрлі пәндердегі білімдер мен біліктерді, бейімділіктердің жеке элементтері арасындағы байланыстарды байқап және қабылдауы олардың білімдерін бір жүйеге келтіреді, ақыл-ойына серпіліс тудырады, таным қызметіне шығармашылық сипат береді.

Пәнаралық байланыстың философиялық негізінде дүниедегі барлық заттардың, құбылыстардың бірімен-бірінің өзара байланыстылығы туралы тұжырымдалған дүние туралы білімдер де бірімен-бірі байланыста болады. Негізінен оқу пәндері әр ғылымның логикасына сүйенетіндіктен, олар бір – бірінен өз алдына оңашаланып бөлектенбейді. Сондықтан ғылымның міндеті өзара байланыстылықты танып білу.

Пәнаралық байланыс кезінде материалдардың өзара байланысын, бір-біріне тигізетін ықпалын, ортақ, негізгі тенденцияларын, әлеуметтік, экономикалық, рухани ортақ белгілерін бір –бірімен сабақтастыру, ортақ белгілерін бір – бірімен салыстыру, ортақ заңдарын ашуды көздеуі тиіс. Оқушылардың білімдері сайып келгенде, әрбір жеке тұлғаның көзқарасына, сеніміне, өмірлік құндылық бағдарына, мінез-құлқының қағидасына айналуы керек.

Пәнаралық байланыстарды тәрбиелеу функциясы оқушыларды диалектикалық–материалистік дүниетанымды, дұрыс дүниеге көзқарасты қалыптастыруды көздейді. Осыған сәйкес мектеп оқушыларына білім және тәрбие берудің, дүниетанымын қалыптастырудың аса маңызды құрылымының бірі- пәнаралық байланыс болғандықтан, пәнаралық байланыстың негізгі міндеттеріне тоқталсақ.

1) Оқушылардың оқыту үдерісіндегі пәнаралық байланысты түсінуін, саналы қабылдауын, танымдық белсенділігін қалыптастыру жұмыстарын ұйымдастыру.

2) Оқу пәндерінің оқушыларға білім мен тәрбие беру, пәнаралық байланысты орнату мүмкіндіктерін айқындау мақсатында білім беретін орта мектептің оқу жоспары мен бағдарламаларына талдау жасау. Барлық мұғалімдердің пәнаралық байланысты практикалық қызметінде пайдалану.

3) Мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстардың пәнаралық байланыста жүргізілуі.

4) Пәнаралық байланыс оқу пәндерінің арасындағы өзара байланыстың дамуына және танымдық іс-әрекеттің белсенді, ауқымды болуына жол ашады.

5) Пәнаралық байланыс мектеп мұғалімінің жүргізетін педагогикалық әрекетін ғылыми негізде ұтымды ұйымдастыруына себепкер болады.

Қазіргі мектептердің жалпы білім беру мазмұны, оның ішіндегі оқу жоспарлары пәнаралық байланыс негізінде жетілдіріп келеді. Осыған орай, ғалым зерттеушілердің, шығармашылық еңбек етуші мұғалімдердің ізденістері жүйеленген, қорытындыланған жаңа пәндердің оқу –тәрбие үрдісінде қажет екендігін дәлелдеп отыр.

Пәнаралық іскерлік оқушының бір пәннен меңгерген білім іскерлік дағдыларын, екінші жақын пәндерді меңгеруді пайдалана білу қабілетінен көрінеді.

Пәнаралық байланыстың ең негізгі дидактикалық міндеті- ол оқыту үдерісінің білім беру, тәрбие беру, дамытушылық сипатының арасындағы байланысты құру болып есептеледі.

Білім оқушының табиғи және әлеуметтік жаңа ортаға икемделуін, әр алуан әрекет түрлерін меңгеруін, айналадағы дүниемен жекебас тұлғалық қарым –қатынасын, этикалық, адамгершілік нормаларды бойына дарытуын және белгілі бір қажетті деңгейде болуын қамтамасыз ететін құрылымдық жағынан өзара тығыз байланысты мынандай компоненттерден тұрады.

1) Дүниенің біртұтас ғылыми бейнесі туралы білім.

2) Дүниені логикалық –танымдық және ғылыми тұрғыда зерделеп білудің әдіс –тәсілдері туралы білім.

3) Оқушыда қалыптасуы тиіс әрекет түрлері туралы білім.

Пәнаралық байланыстың қай түрін, қалай жүзеге асырудың жолдары алуан түрлі және оны талдау, көп жағдайда, мұғалімнің шығармашылық шеберлігіне ізденісіне де байланысты.

Пәнаралық байланыс білім, білік және дағдының тұтас жүйесінің дұрыс қалыптасуына жағдай жасайды, әрі оқушылардың әр түрлі пәндерден алған білімін орынды қолдана білуіне көмектеседі. Сауат ашу мен тіл дамыту, айналамен таныстыру пәндері о бастан –ақ бір–бірімен пәнаралық байланыста жүргізіледі.

Оқу бағдарламаларында жеке пәндердің оқу материалы басқа кейбір пәндердің тақырыптарымен өте тығыз байланыста болып келеді. Бұл жағдайда сабақтың оң бойында пәнаралық байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Әрбір сабақ оқушыларды қоршап тұрған дүниені тану жолының бір көрінісі. Міне осы жолмен қазіргі кездегі ғылым, техника және мәдениет негіздерімен қаруландырып мұғалім өз оқушыларын өмірге дайындайды. Бір жерде тоқырап тұрып қалу немесе аршындап алға басу сабақ кезінде оқушыларға білімнің тиянақты жинақталуына байланысты екені даусыз нәрсе.

Әр сабақта оқушылар өздерінің жұмысы барысында жаңа дағды мен іскерлікке ие болады. Сондықтан мұғалімдер мектепте оқу – тәрбие үдерісін ұйымдастыруда пәнаралық байланысты жүзеге асыру мүмкіндіктерін көрсетуі қажет.

Оқу пәндерінде қарастырылған табиғат, қоғам, адамдардың өзара әрекеті жөніндегі негіздер оларды білім беру мазмұнының біртұтас жүйесінде біріктіреді. Осы арада пәнаралық байланыстың дүниеге көзқарыс қызметі өте маңызды.

Адам баласының ерте заманнан бастап күні бүгінге дейін қолы жеткен ғылыми табыстарының қорытынды нәтижелерімен танысады.

Сөйтіп, оқушылардың білімі молаяды, дүние танушылық қабілеті артады, ақыл-ойы парасаты дамиды, тәрбиеленеді.

Осының негізінде оқушылардың өз дәрежесіне сай адам қоғамы мен табиғат дүниесінің әр алуан сырларын біліп шығуын қамтамасыз етеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақ тілін оқытудың қандай әдістері бар?
2. Қазақ тілі оқытудың мақсаты мен міндеттері нелерден тұрады.
3. Әдебиетті оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихы жайлы не білсесіздер?
4. Әдебиетті оқытудың қандай әдіс-тәсілдері бар?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. А., 2001.
2. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 2005.
3. Бітібаева Қ.. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Рауан. 1997.
4. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Санат, 2007.

2-Тақырып: Заманауи оқыту әдістері және педагогикалық технологиялар. Оқытудың дәстүрлі болмаған қалыптары.

Жоспар:

1. Оқытудың интерактивті әдісі.
2. Оқытудың интерактивті технологияларын оқу-тәрбие үдісінде тиімді пайдалану.
3. Оқытудың интерактивті технологияларының қолданылуы.

Тірек ұғымдар: әдіс, әдістеме, білім беру жүйесі, интерактив әдіс, технология, педагогикалық технология, оқыту процесі, интерактив оқыту түрлері.

Оқытудың интерактивті әдісі.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологиялар пайдалану тәжірибелерге еніп, нәтижелер беруде. Әсіресе, технологиялық бірліктердің арнайы жүйесі, олар педагогикалық нәтижеге бағытталған және оқытудың жаңа технологияларын мемлекеттік стандартқа және білімдік өзгерістерге қарай топтастыруға болады.

Педагогикалық технология негізінде оқу циклін қайта жаңарту идеясы алынған.

Оның мазмұнына:

- 1) оқытудың жалпы мақсатын қою;
- 2) жалпы құрылған мақсатты нақтыландыруға көшу;
- 3) студенттердің білім деңгейін алдын ала (диагностикалық) бағалау;

4)оқу әрекеттерінің жиынтығы (бұл кезде жедел кері байланыс негізінде түзету жүргізілуі тиіс);

5)нәтижені бағалау енеді.

Жаңа оқыту технологиясы, тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үрдістерді: яғни, жадының (ес) алуан түрлерін – есту, көру, қимыл және т.б. ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар ар-қылы дамытуға, сондай-ақ тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілінде) дамытуға бағытталуы Интерактивті оқытудың басты мақсаты – білім алушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап таба білуге үйрету. Еліміз дамудың демократикалық жолын таңдап алған қазіргі заманда жастарды өз бетінше шешім таба білуге үйрету заңды құбылыс. Бұл күнделікті аудиториядағы жұмыстарға да қатысты: бала сабақ кезінде мейлінше белсенділік танытуы тиіс. Осындай, білім алушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайтын әдістемелік амалды интерактивті деп атайды.

Оқытудың тәжірбиелерді дамытуға бағытталуы

Елде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және басқадай өзгерістер білім беру жүйесіне де әсерін тигізді. Бұл өзгерістер оқу орындарында жаңа пәндер енгізіп қана қоймай, дәріс беру әдістемесінің өзін өзгерту қажеттігін туғызды. Біздің еліміз дамудың демократикалық жолын таңдап алғандықтан қазіргі кезде шешім қабылдауға халықты тартудың да маңызы зор. Бұл аудиториядағы жұмысқа да қатысты: оқушылар сабақ кезінде мейлінше белсенділік танытуға тиіс. Міне оқушылардың сондай белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайтын әдістемелік амалдарды көбіне интерактивті деп атайды.

«Интерактивті оқыту әдістемесі».

Егерде сабақ үстінде оқушылар мен оқытушылардың арасында тығыз қарым-қатынас байқалса бұлайша оқытуды біз интерактивті деп атаймыз. Әдетте мұндай қарым-қатынас оқушылар әлдебір мәселені талқылап, соның шешімін табуға тырысқан кезде байқалады. Бұл жерде оқушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңыздырақ. Себебі интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі сол-оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап таратуға үйрету.

Интерактивті әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды.

Оқу процесінің барысында оқушылар мыналармен қарым-қатынасқа түседі:

оқытушымен (оқушылар оқытушының сұрағына жауап берген кезде);

шақырылған адамдармен (немесе топ оқушыларының өздері әлдебір ұйымдар мен адамдарға баруы мүмкін);

өзге оқушылармен (бірігіп жұмыс істеу барысында);

шағын топтармен (3-5 оқушымен);

оқушылардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, топ болып әлдебір мәселені талқылау барысында);

оқушылардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);

кейбір техника түрлерімен (мысалға компьютермен).

Топтың сандық құрамы оқудың немесе өзара қарым-қатынастың сапасын айқындамайды. «Өзара қарым-қатынас» әдісінің ерекшелігі-оқушы өзгелермен араласу барысында ашыла түсетін болады.

Оқытудың интерактивті әдістерінің артықшылығы

- тұлғаның қызығушылығын туғызады;
- әрқайсысының оқу процесіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- әрбір тұлғаның сезіміне назар аударады;
- оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- тұлғаға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- тұлғаның пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Интерактивті әдіс әр адамды білім алудың барлық кезеңдерінде белсенді жағдайға қояды, білім алу үрдісін мәнді етеді. Қорыта айтқанда, әр технологияны қолдану арқылы белгілі бір жетістіктерге жете аламыз. Болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы.

Интербелсенді оқытудың негізгі қағидалары:

- Орта қалыптастыру
 - Әрекет арқылы үйрету
 - Өмірмен байланыстыру
- Өзінділікпен дербестікке баулу



Оқу үрдісінде келесі интербелсенді әдістер қолданылады:

Кейс-стади—өзбетінше ойлау қабілетін және шешім қабылдау дағдыларын кәрсетуге мүмкіндік беретін мәселелі сипаттағы сұрақтарды топпен талдау.

Іскерлік, рөлдік ойындар –студенттерге әртүрлі кәсіби рөлдерде сөйлеуге және сабақты мәселелі жағдайды қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқыту әдісі.

Тестілеу—әртүрлі күрделіліктегі өзара байланысты тапсырмалар жинағынан тұрады.

PBL (problembasedlearning–мәселеге-бейімдеп оқыту) әдісі - қойылған мәселемен өзбетінше жұмыс істеунәтижесінде студент әртүрлі пәндер бойынша компетенттілік құрылымдарын игеретін оқыту әдісі.

TBL (teambasedlearning–кішітоптардаоқыту) әдісі –студентте топта жұмыс істеу дағдысын дамытуға мүмкіндік беретіноқытудың топтық әдісі.

Топтық дискуссия әдісі студенттердікәсіби жағдайды талдауға, мәселені құру дағдыларын қалыптастыруды үйретуге, басқа қатысушылармен қатынасқа түсу игеріміндамытуға, соныменқатар, әртүрлі кәсіби мәселелер бойынша шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әңгімелесудің түрі.

Миға шабуыл әдісі –топтажұмыс істеудешығармашылық белсенділігін жігерлендіру негізінде студенттергеситуация шешіміжауабының бірнешежолынайтуға мүмкіндік беретін, идеялармен шешімдердіқабылдаудың оперативтіәдісі.

Тренинг(ағылш. «to train» - оқыту, жаттықтыру). Егер оқыту интерактивті жүргізілсе, яғни ақпарат ала отырып түсініксіз сәттерді талқылауға, сұрақ қоюға мүмкіндік алса берілген ақпаратты тез меңгереді және алған білімдерін бекіте отырып, мінез-құлық дағдылары қалыптасады.

Тренинг жүргізуге қойылатын талаптар:

- оқушылар бір-біріне бетпе-бет отыратындай етіп айналдыра орындықтар қоюға мүмкіндігі бар кең бөлме (бұл жағдайда еркін пікір алмасуға, жаттығулар мен серігу кезеңдерін жүргізуге ыңғайлы болады. Бір-біріне сенімділік артып, қызығушылық танытады, ынталы болады);
- тренингке қатысушылар саны 20-25 адамнан аспауы керек. «бұл сенім атмосферасын туғызатын және барлық қатысушылардың назарын тұрақты аударуға мүмкіндік беретін қатысушылар саны);
- бүкіл тренинг бойында достық көзқарастағы сенімді атмосфераны жасау және қолдау;
- тренингке қатысушыларды марапаттап отыру және барлығының оған қатысуын қадағалау;
- оқытушы-жаттықтырушы өз пікірін ұсынбай-ақ қатысушыларды сабақтың мақсатын орындауға жетелеуі тиіс;
- оқытушы-жаттықтырушы әрбір жаттығудың уақыт шеңберін сақтауы керек;

- тренингтің бірінші сабағында «танысу» жаттығуы өткізіледі және «келісім» (топтық жұмыс ережесі) қабылданады;
- теориялық жадығат пен интерактивті жаттығулардың, серігудің арасында сабақтастық болуы керек;
- кез-келген тренинг сабақ басталарда сол сабақтың мақсаты мен міндеттері айтылады, ал соңында қортындыланады;
- кез-келген тренинг қандай мақсат қойылса да, әрдайым танысу мен жұмыс ережесін жасаудан басталады.

Оқытудың интерактивті технологияларын оқу-тәрбие үдісінде тиімді пайдалану

Өзбекстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мәдени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығыда – мектеп. Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интерактивті құралдарды пайдалану арқылы оқу – тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз. Интерактивті құралдарды қолдану негізінде мектепте жаратылыстану бағытының пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады. Заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің біріне айналды. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез – келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланылады. ХХІ ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру-жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «ХХІ ғасыр –ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы. Ақпараттық бірлікті қалыптастыру: мектептің материалдық -техникалық базасына; ақпараттық

қоғам саясатының мақсаты мен міндеттеріне; оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жүйесіне; оқушылардың жас ерекшеліктері мен меңгеру қабілеттеріне, педагог мамандардың информатикадан білім деңгейлерінің сапасы мен шеберліктеріне, оқу – тәрбие бағытының ақпараттық қоғам бағытымен өзара байланысына тәуелді. Қазіргі уақытта жаратылыстану – ғылыми білім беруде сабақ барысында интерактивті құралдарды қолдануда.

Интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Білім берудегі интерактивті технология – мұндағы интерактивтісізсіз- inter (бірлесу), act (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бір толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы. Интерактивті құралдарды пайдаланудың тиімділігі. Қазіргі уақытта заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез – келген білім беру саласында мультимедиалық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланылады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық – техникалық кешен болып саналатын интерактивтік тақта болып табылады. Қарапайым тақта және компьютер проекторына қарағанда, интерактивтік тақта сабақ мазмұнын кеңінен ашуына мүмкіншілігі өте зор. Интерактивтік тақтаны пайдалану кезінде үлкен жетістікке қол жеткізу үшін , тек қана сауатты сабақ жоспарлап, керекті материалдарды дайындау керек. Сабақта мұғалім интерактивтік тақтаны бір емес бірнеше рет пайдалана алады, қарапайым тақтаға қарағанда интерактивті тақта пайдалануға ыңғайлы, әрі уақыт үнемдейді. Интерактивті тақта оқытудың басқа тәсілдеріне қарағанда (салыстырғанда), көптеген жетістіктері бар. Бұл жетістіктер туралы өз сабағында интерактивтік тақтаны пайдаланатын мұғалімдер ғана айта алады. Қызметтестер мен біріге отырып сабақта дайындалу арқылы жақсы әсерге қол жеткізуге болады, бұл тек қана міндеттерді бөліп беру мен уақытты үнемдеу ғана емес, сонымен қатар берілген материалдардың сапасын да арттырады. Мұғалімдердің көрсетуінше интерактивтік бағдарлама олардың жартылай жұмысын атқарады, мысалы: белгілі бір материалды интерактивтік тақтада орындау арқылы файлдағы белгілермен өзгерістерді сақтап қалуға болады, бұны сабақта болмай қалған оқушыларға қайта түсіндіруге немесе келесі жолы тағы да қолдануға болады. Оқу материалдар базасын жасау, қызметтестермен жасаған материалдарды өз сабағымда пайдалану арқылы мұғалімдер уақытын үнемдейді.

Материалдарды оқып үйрену барысында интерактивтік тақтаны пайдалану білім өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді, сондықтан мұғалімдердің дайындаған материалы оқушыларға түсініктірек болады. Көп мұғалімдердің байқағанындай сабақтың оқушыларға қызықты және дәлелді (мағыналы) болады, және оны (оқушылар) жылдам есте сақтайды. Интерактивтік тақта оқу сапасын жоғары деңгейде тағы да мұғалімдердің уақытын үнемдейді, оған бұрын өтілген материалдардың екінші рет қайталауға қажеті жоқ. Интерактивті тақта барлық сабақта қолдану мүмкін, жоқ болмаса сабақтың әрбір сатысында. Басқа да заттар сияқты интерактивті тақтаны пайдаланудан ең көп тиімділікке сабақта қойылған мақсаттарға сәйкес қолдану арқылы жетуге болады. Интерактивтік тақтамен бірге жүретін бағдарламалық нұсқаулықты жақсы біліп, оны сабаққа дайындалғанда қолданулары керек. Мұғалімдерге тағы басқа да бағдарламалық құжаттар керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, айта кетейік: Сабақ алдын-ала дайындалған болу керек, сонда ғана материалдар жылдам түсіндіріледі. Интерактивтік тақтада бір уақытта бірнеше материалдарды қолдануға болады: бейне, дыбыс, сурет, мәтін, және т.б. Сабақ соңына дейін логикалық үздіксіз түрде болса, сонда ғана сабақ қойылған мақсатына жетеді; Сабақ кезінде сақталған файлдар оқушыларға беріледі: сондай-ақ бұл файлдарды келесі сабақта өтетін материалдарды қайталау және толықтыру үшін қолданылады. Интерактивтік тақта оқыту тиімділігін қалай арттырады. Сабақта интерактивтік тақтаны қолдану баланың мектепте оқыту тиімділігін арттыру. Сабақ үрдісінде пайдаланып жүрген әдіс-тәсілдер оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласының, дағды мен ой-өріс,білім-біліктерінің артуымен сипатталары сөзсіз. Білім деңгейін көтеруе интерактивті құралдарды пайдалану

Оқытудың интерактивті технологияларының қолданылуы

Оқу – тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, ұстаздарының, басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз. Интерактивті құралдарды қолдану негізінде мектепте жаратылыстану бағытының пәндерін оқыту сапасын арттырып, білім беруді ақпараттандыру жүйелі түрде іске асады деуге болады. Оқу процесінде, оның ішінде практикалық сабақтарда интерактивті құралдарды қолдану мұғалімнің жеке тәрбиесіне, шығармашылық ізденісіне байланысты. Интерактивті құралдар оқыту формасын ұйымдастыруды түрлендіруге, дәстүрлі оқыту әдістеріне жаңа элементтер енгізуге мүмкіншіліктер жасайды. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Интерактивті құралдарды орынды қолдану оқыту сапасын жетілдіруге көмектеседі.

Интерактивті әдістің тиімділігі:

- Өзіңе деген сенімділікке тәрбиелейді;
- Шешендік өнері дағдылары қалыптасады;
- Тыңдай білуге үйретеді;

- Танымдылықтың маңызын түсінуге көмектеседі (үнемі абсолюттік шындық бола бермейді);
- Сыни ойлауға дағдыланады;
- Өз пікірінің айту құқығының бар екенін сезінеді;
- Пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінеді;

Осының бәрі “Оқу шеберлігі” идеясына саяды.

Оқу шеберлігі – бұл барлық даму үстіндегі және озық елдердің азаматтарына қажетті ой еркіндігі болып табылатын дағды.

Атауы	Мақсаты	Мәні	Механизмі
Даралап	Оқушылардың танымдық, шығармашылық ой-өрісін дамыту	Оқу-танымдық міндеттерді дәйекті және мақсаткерлікпен ұсыну	Ізденістік әдістер; танымдық міндеттер қою, ой операцияларын жүзеге асыру
Модульдік оқыту	Оқытуды оңтайландыру, жеке тұлғаның ойлау деңгейін бейімдеу	Оқушының жеке жұмысын ізденімпаздықпен орындауы	Мәселелік әдіс, жеке қарқынмен жұмыс
Дамыта оқыту	Жеке тұлғаны және оның қасиеттерін, ойлау қабілетін дамыту	Білімін, біліктіліктерін шығармашылық ойлау қабілеті арқылы әлеуметін жетілдіру	Оқушыларды алуан түрлі ой қызметі түріне тарту.
Саралап оқыту	Ойлау қабілетін және т.б. қабілеттерін дамытуға оңтайлы жағдай туғызу	Бағдарламалық материалды әр түрлі жобадағы деңгейде ұсыну, міндетті деңгейден төмен емес.	Жеке дара оқыту әдістері
Ойын арқылы	Білімді, білікті, дағдыны игерудің тұлғалық-қызметтік сипатын қамтамасыз ету	Ақпараттар іздеуге, өңдеуге, игеруге бағытталған өз бетінше атқарылатын танымдық қызмет	Шығармашылық қызметке тартатын ойын әдістері

Интерактивті технологиялық әдістің біз үшін пайдасы:

Түрлі әдістерді пайдалану арқылы сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі

Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады

Әр оқушының білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді

Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді.

Оқушылардың барлығын бағалауға мүмкіндік аламыз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Педагогикалық технология дегеніміз не?
2. Интерактив әдістердің тиімділігі неде?
3. Интерактив оқытудың қандай түрлері бар?
4. Қандай интерактив әдістерді білесіз?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
2. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007.
3. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

3-Тақырып: Тіл білімі салаларын оқыту әдістемесі

Жоспар:

1. Фонетикадан берілетін білім мазмұны мен меңгерілетін ұғымдардың жүйесі.
2. Лексикалық ұғымдар мен оларды меңгерту әдіс-тәсілдер жүйесінің ерекшеліктері.
3. Сөзжасамды оқыту әдістемесі.
4. Морфологияны оқытудың жалпы білім берудегі практикалық маңызы.
5. Синтаксисті оқыту әдістемесі.

Тірек ұғымдар: Фонетиканы оқыту методикасы, лексиканы оқыту методикасы, түсіндіру, хабарлау, кітапты пайдалану, әңгіме әдістері,

жаттығу жұмыстары, сөз жасам, сөз тіркесі, грамматиканың салалары, морфологияны оқыту әдістемесі, синтаксисті оқыту методикасы.

Фонетикадан берілетін білім мазмұны мен меңгерілетін ұғымдардың жүйесі

Қазақ тілін оқыту методикасы – мектепте оқылатын қазақ тілі материалдарын практикалық тұрғыдан оқушыларға саналы түсіндіретін ғылым саласы. Фонетика – тіл дыбыстарын зерттейді. Мысалы, ақ дегендегі “қ” дыбысы мен қағаз дегендегі “қ” дыбысы - бір фонема. Сонда да болса, бұл екі сөздің екеуінің айтылуында сәл айырмашылық бар. Ол айырмашылық тіркескен дыбыстарына байланысты. Тіл дыбыстарын тіркестіруде де заңдылық бар. Кез келген дыбысты кез келген дыбыспен тіркестіре салуға болмайтынын аңғарамыз. Өйткені фонетика – фонемаларды - тіл дыбыстарын, олардың түрлерін, жасалу жолдарын, естілуін, жазылуын, дыбыстық алмасулар мен өзгерістерді, буын түрлерін, сөздерді тасымалдау заңдылықтарын, дыбыстардың үндесуін зерттейтін тіл ғылымының саласы. Осылардың барлығын игерту мақсатында фонетикалық жаттығулар жүргізіледі.

Фонетикалық жаттығулардың міндеті – оқушылардың айтылған буындар мен дыбыстарды айыра алуын және оларды дұрыс, анық айтып берулерін қамтамасыз ету.

Фонетикалық қателер

Балалар мектепке келгенде сөйлеу мүшелері (аппараттары) жетілген, есту мүшелері дамыған, яғни сөздердің мағынасын ажырата алатын және практикада пайдалана алатын дәрежеде болады. Дегенмен балалардың сөйлеу тіліне зерттеу жүргізіп бақылаған ғалымдар оқушылардың тіл дыбыстарына байланысты кемшіліктерінің барлығын байқаған. Ол туралы С.Ф.Иванова «...значительная часть учащихся 5 класса не владеет достаточно четкой членораздельной речью, что отражается и на их науках письменной речи плохая дикция часто является ошибок типа описок», деген пікір айтады.

Мысалы, **жазылуы айтылуы**

домбыра домбұра

жорық жорұқ

Оқушылар басқа тілден енген сөздерді сол тілде қолданылуына байланысты сіңісіп кету нормасына көңіл бөлмейді.

Фонетикалық талдау

Фонетиканы өту барысында сабақта талдау жасалады. Талдауда сөздің дұрыс жазылуына ғана көңіл бөлініп қоймай, сонымен қатар сөздің дұрыс айтылуына да талдау жасап отыру керек. Себебі фонетиканы өту арқылы оқушыларға сауаттылықпен қатар дұрыс сөйлеуді де, яғни орфоэпиялық норманы меңгертеміз.

Фонетикалық талдау мазмұнына қарай дыбыс жүйесі бойынша талдау, үндестік заңы бойынша талдау болып екіге бөлінеді. Фонетикалық талдау көлеміне қарай жай талдау, күрделі талдау болып

бөлінеді. Фонетикалық талдау орындалу орнына қарай тақтада талдау, орнында отырып талдау болады. Қазіргі таңда фонетикалық талдауды сатылай комплексті түрде жүргізу құпталып жүр.

Фонетика бойынша берілетін білімнің мүмкіндік деңгейіне қойылатын талаптар:

- дыбыстардың фонемалық қасиеттерін білу, сөздің лексикалық мағынасы мен дыбыстардың өзара байланысын түсіну;
- фонетикалық терминдерді дұрыс пайдаланып, тілдік категориялардың мәнін ұғу;
- дауысты, дауыссыз дыбыстардың іштей жіктелуін білу, оларды артикуляциясына қарай айыра білу;
- қазақ тілінің халықтық сипатын танытатын тілдегі дыбыстық үйлесім мен үндестіктің (сингармонизм) тіл мәдениетімен байланыстылығын ұғыну және орынды пайдалану;
- қазақ әліпбиінің құрамындағы төл дыбыстар мен орыс тілінен енген дыбыстардың өзара қарым-қатынасын меңгеру;
- ауызекі сөйлеу және жазба тілдеріндегі сөздерді әдеби тіл нормаларына сай қолдана білу, орфоэпиялық, орфографиялық заңдылықтарды түсініп, оның коммуникативтік біліктілікпен байланысын тану.

Лексикалық ұғымдар мен оларды меңгерту әдіс-тәсілдер жүйесінің ерекшеліктері

Мектеп бағдарламасында лексиканы оқыту мәселесіне тоқталар болсақ, лексика тіліміздегі сөз байлығын тексеретін ғылым саласы. Қазақ тілін оқытумен байланысты, атап айтқанда, фонетика, морфология, синтаксисті оқыту сөзден тыс қарастырылмайды. Тіліміздегі сөздер тіл дыбыстары арқылы, морфология сөздің лексикалық, грамматикалық мағынасына қарай, ал синтаксис сөздердің мағыналық, әрі грамматикалық байланысына қарай көрінеді. Демек, лексиканы оқытудың білімдік, танымдық маңызы тіл білімі туралы ұғымды терең меңгертумен қатар тілдің ең кіші бөлшегі – сөздің фонетикамен, морфологиямен, синтаксис және стилистикамен байланысын түсіне білуге, яғни, бүкіл тілдік жүйені меңгерумен орай оқушының ана тілі арқылы көзқарасының қалыптасуына мүмкіндік жасайды.

Лексиканы оқытудағы қойылатын талаптар оқушыларды дұрыс сөйлеу, ойын жеткізіп, айта білуге тәрбиелейді. Тура және ауыспалы мағналы сөздерді, оның ішінде ауыспалы мағналы сөздерді айыра білуге содықтан лексика бөлімінің материалдарын жаңа білім беруге байланысты да, пысықтаумен байланысты да осы айтылғандарды ескеріп отыру қажет.

Осы саланы зерттеуде профессор Қ.Жұбановтың, академик І.Кеңесбаевтің, Ғ.Мұсабаевтың, Ә.Болғанбаевтың, Ғ.Қалиұлының көптеген зерттеу жұмыстары нәтижелі болды. Бұл қазақ тілі лексикасының біршама жетілген сала екендігін көрсетеді. Дегенмен лексика мен лексикология терминдерінің синонимдік қолданылуы лексикалық зерттеу объектілерін

жүйелі қарастыруда біршама қиындық туғызады. Ғалымдардың пікірінше, лексика терминін лингвистиканың негізгі салаларының бірі деп танып, оның ғылыми объектілерін содан шығатын жүйе деп білу методикалық тұрғыдан тиімді болар еді. Ал лексиканы оқыту әдістемесі аз зерттелген сала. Алайда осы саланы зерттеуде орыс ғалымдары А.А.Текучевтің және М.Т.Барановтың зерттеулерінен методикалық бағыт алуға болады. Қазақ ғалымдарынан 1965 жылдан бастап қазақ тілін оқыту методикасына үлес қосқан Б.Кәтенбаеваның «Сөз құрамын» оқыту (1968), А.Айғабыловтың «Лексиканы оқытудың кейбір мәселелері» сияқты еңбектерін атауға болады.

1962 жылы жасалған жаңа бағдарламадағы өзгешеліктер, негізінен, мынадай бағытты көздеді: біріншіден, бағдарламаға «Лексика» бөлімі енгізілді. Бұның енгізілу себебі мектепте жүйелі түрде сөздікпен жұмыс істеу болмайтын, оқушыларға негізгі лексикалық түсініктер берілмейтін. Тек мағыналық ұғымдар (сөз мағынасы, омоним, антоним, синоним) ғана өтілетін. Сондықтан бағдарламада лексикаға арнайы орын берілді. Екіншіден, сөздің жасалуы бағдарламаға да, оқулыққа да енгізілмеген еді. Бұл материал тек «Сөз құрамы» деген атпен жол-жөнекей ғана өтілетін. Демек, оқушының тілін дамытуда болсын, логикалық ой-өрісін жетілдіруде болсын сөз тудыру, оның жасалуы жөнінен мәлімет берудің қажеттілігі ескерілді. Әсіресе, сөз тудыру мәселесі лексика, грамматика, орфография тарауларын оқытуда негізгі мәселелердің бірі деп саналып, бағдарламаға «Сөздің жасалу жолы» тақырыбы қосылды.



Фразеологизмдер халықтың тұрмыс-тіршілігінің, салт-санасының, дүниетанымының айнасы болып табылады, олар-тақырыптық және семантикалық тұрғыда көп аспектілі, ойлау мен танымның ерекше бейнелі, эмоционалды-экспрессивтік реңкке ие және тіл қабаттарының ішіндегі құрылымдық типтері мен синтаксистік модельдері қалыптасқан тілдік бірліктер. Фразеологизмдер сөйлем ішінде қолданылғанда стильдік ерекшелікті, эмоциялық реңкті айқын көрсетуге қызмет етеді. Мысалы, қуанды деген сөз бен екі езуі екі құлағына жетті фразеологизмінің,

қорықты деген сөз бен жүрегі тас төбесіне шықты фразеологизмінің, арасында мағыналық сәйкестік болғанымен, бұл сәйкестік толық балама бола алмайды. Себебі қуанды, қорықты сөздерінде фразеологизмдердегідей экспрессивті реңк жоқ. Бұл жөнінде І. Кеңесбаев өз ойын былай тұжырымдайды: «Жеке сөз өздігінен барлық жағдайда ауыс, бейнелі мағынада жұмсалуды міндетті емес».

Лексика бойынша берілетін білімнің мүмкіндік деңгейлері мынадай:

- лексикалық терминдерді дұрыс қолдану, лексиканың тіл білімі салаларымен байланысын, орнын ажырата алу

- ауыспалы мағыналы сөздерді дұрыс қолданып, олардың өзара қарым-қатынасын тани білу;

- синоним, антоним, омоним сөздердің ерекшеліктерін, өзара байланыстылығын түсіну, сөздерді мағыналық сипаттарына қарай ажыратып, топтай білу;

- синоним сөздердің эмоциялық-экспрессивтік мәнін ажыратып, олардың қолданыстағы орнына қарай синонимдес, антонимдес сыңыраларын да ажырата білу;

- сөздік құрам тармақтарының өсу, толығу жолдарын саралап, тілдің қоғамдық-элеуметтік сипатын тани білу;

- диалект сөздердің тіл мәдениетіне қатысын тани отырып, әдеби тілдің толысуындағы диалект сөздердің рөлін білу, диалектілердің пайда болу жолдарын түсіне алу;

- көнерген сөздер мен этнолингвистиканың арақатынасын саралай білу, көнерген сөздердің қазіргі кездегі қолдану ерекшелігін дұрыс түсіну;

- термин сөздер арқылы ұғымдарды дәл атап, ғылыми стиль талаптарына сай қолдана алу және терминдер мен кәсіби сөздердің ерекшеліктерін білу;

- сөздік құрам тармақтарының баю, толығу жолдарын саралап, тілдің қоғамдық-элеуметтік сипатын тани білу;

- неологизм сөздерді дұрыс қолдану және олардың тілдегі орнын түсіну, неологизмдердің жасалу жолдарын білу.

Сөз жасам әдістемесі.

1992 жылы қазақ тілі бағдарламасында «Сөздердің жасалуы» атты жаңа бөлім енгізілді. Бұл бөлімнің 4 сынып бағдарламасында: «Сөз тұлғасы туралы түсінік, түбір сөз, қосымшалы сөз, қосымшалы жұрнақ, жалғау, көптік, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулары, туынды түбір, түбірлес сөз» деген тақырыптар қамтылса, 5 сынып бағдарламасында «Дара, күрделі сөздер. Біріккен сөз және оның емлесі. Қос сөздер және оның түрлері. Қысқарған сөздер және оның емлесі» сияқты тақырыптар қамтылды. Бұл аталған тақырыптар бұрынғы бағдарламалар мен оқулықтарда «Сөз құрамы», «Сөз тұлғалары» деген жалпы тақырыппен морфология бөлімінде қарастырылып келген болатын. Соңғы кезде сөздердің жасалуын өз алдына бөлім етіп дербес қарастырылуда, яғни оның лингвистикалық негізі – сөздердің жасалу процесі – тек

грамматикалық (морфологиялық) құбылыс қана емес, сонымен қатар тіліміздің сөз байлығын молайтатын, сайып келгенде, лексикалық та құбылыс болып табылатындығынан. Басқаша айтқанда, сөздердің жасалуы – лексика-грамматикалық категория.

Тіл туралы ғылымның бір саласы ретінде сөздердің жасалуы – сөздің құрылымын, морфемалық құрамын, сөз жасаудың тәсілдерін және сөздердің жасалуының әртүрлі жолдарын зерттейді.



Мектепте сөздердің жасалуын оқытудың танымдық әрі практикалық зор маңызы бар. Сөздердің жасалуымен танысу, біріншіден, сөз құрылымының дамуы мен сөздердің жасалуы белгілі бір заңдылыққа бағынатынын көрсету болса, екіншіден, тілдің әр түрлі деңгейіндегі бірліктердің арасындағы өзара байланыстылықты көрсету, бір жағынан сөз жасау деңгейі, екінші жағынан фонетикалық, лексикалық, грамматикалық деңгейлер, үшіншіден, тілдің грамматикалық құрлысын тереңірек білуге жағдай жасайды.

Сөздердің жасалуы бойынша жұмыстар жүргізу орфографияны білуге, орфографиялық дағдыларды қалыптастыруға негіз болады. Өйткені орфографиялық принциптердің ішінде негізгісі морфологиялық принцип болса, түбір сөздің жазылуы барлық жерде де бастапқы қалпын сақтайды.

Сөздердің жасалу жолдарын үйрету – грамматиканың морфологиялық құбылыстары туралы білім берудің, сөз таптарының ерекшеліктерін білдірудің негізі. Қазақ сөздерінің аналитикалық және синтетикалық жолмен жасалатынынан мәлімет беріп, қазақ тілінің табиғаты туралы түсінік қалыптастырылады. Әсіресе, қазақ тілінің жалғамалы тілдер табына енетініне баса назар аударту олардың әр түрлі тілдердің ішкі заңдылықтарын тануына да негіз болады. Осы табиғаты арқылы тіл білімі салалары түрлі тілдерде түрліше сипатқа ие болатынын түсінеді. Мысалы, қазақ тілі мен өзі оқитын шет тілінің арасындағы айырмашылықтардың себебін саналы түрде меңгереді.

Қазақ тілінің жалғамалық сипаты оның адам ойын жеткізудің пәрменді құралы болуының бір себебі екеніне мән берілгені жөн. Мысалы,

жаңа сөздердің бәрі тек жалаң түбірлерден ғана емес, туынды түбірлерден де өрбитініне көз жеткізу арқылы жалғамалы тілдің артықшылығын аңғаруға болады: тең-гер-ме-ші-лік, оқы-мыс-ты-лық т.б. Осы секілді сөздердің әрбір жұрнақ жалғанған қалпындағы мағыналарына талдау жасату тек сөз мағынасы мен қосымшаның өзара байланыстылығын танытып қана қоймайды, сонымен қатар сөз түрлендірудегі белгілі бір жүйелі заңдылықтың болатынын ұғындырады. Бұл білім бұдан кейінгі оқылатын «Сөз таптары» тақырыбын дұрыс түсініп, олардың әрқайсысының өзіне тән белгілерін тез аңғаруға тірек болады. Сөздердің жұрнақтары арқылы бірінен екіншісіне «көшіп отыруының» да түпкі себебін, яғни жұрнақтың сөз мағынасын өзгертудегі рөлін жете сезіндіруге ықпал етеді.

Морфологияны оқытудың жалпы білім берудегі практикалық маңызы.

Тілді, оның ішінде оқушылардың ана тілін оқыту барысында балалардың сөйлеу дағдысын дамытуға көп көңіл бөлу керек пе, болмаса қалай дұрыс сөйлеу қажеттігі туралы ғылыми ұғымдар немесе грамматиканы меңгертуге көп назар аудару қажет пе деген мәселенің айналасындағы бір-біріне кереғар пікірлер бұрынғы кеңес мектебінің 70 жылдан астам тарихының өн бойында үнемі жалғасып келді. Мәселен, 20-жылдары «грамматиканы арнайы оқытудың қажеті жоқ, ол сөйлеу барысында оқушылардың өздері-ақ үйренеді» деген көзқарас үстем болса, 30-жылдардың бас кезіннен бастап кеңес мектептерінде оқушыларға сөйлеу, жазу дағдыларын үйрету тілдің лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйелерін меңгертумен қатар жүргізіле бастады. Ал 50-жылдары оқушылардың сөйлеу және жазу дағдыларындағы ол қылықтар сөздердің лексикалық мағыналарын үйретуге аз көңіл бөлгендігінен деп табылды. Осы жағдай 60-жылдары бастауыш мектептерде берілетін білім мазмұнымен оқыту әдістерін жаңарту жұмысын іске асыруға алып келді.

Мектепте оқушылар қазақ тілінің грамматикалық құрлысымен, морфология және синтаксиспен сипаттамалы түрде танысады, сөздердің түрленуі, сөз тіркестері мен сөздердің сөйлемде қолданылуыжайында негізгі грамматикалық ережелерді үйренеді

Мектепте грамматиканы оқытуға байланысты төмендегідей ұстанымдар мен жағдайларды қамтамасыз ету керек. 1. Тұлға мен мазмұн бірлігі. Бұл ұстаным тілдік құбылыстарды бір жақты талдауға жол бермейді. 2. Грамматикалық ұғымдардың біртіндеп қалыптасуы. Бұл ұғымдар элементтер ретінде белгілі жүйенің жиынтығы болып, ана тілінің грамматикалық құрамын біртіндеп танытуға қажетті. Мектепте оқылатын пән атаулының бәрі тіл арқылы түсіндіріледі, сондықтан қазақ тілінен теориялық білім берудің нәтижесінде оқушылардың ой - өрісін, дүниетанымын қалыптастырып, сөйлеу, жазу тілін дамыту іске асырылады. Тіл білімі салаларының ішінде морфологияның да оқушының тілдік қабілетін арттыруда өзіндік рөлі бар.

Себебі, морфологиялық ұғымдарды жан- жақты меңгермеген оқушы сауатты жазу, дұрыс сөйлей білу дағдысын қалыптастыра алмайды.

Морфологияны оқыту арқылы оқушыға сөздердің грамматикалық мағынасы, сөз таптардың өзара байланыстылығының мәні түсіндіріледі. Сөз таптарының ерекшеліктері, сөз табына жататын сөздердің сөйлемдегі қызметі өмірмен байланыстырылады. Көптік, тәуелдік, септік жалғауларды қолдануда стильдік нормаларды жете білдіру көзделеді. Демек, оқушы Морфологияны оқыту арқылы оқушыға сөздердің грамматикалық мағынасы, сөз таптардың өзара байланыстылығының мәні түсіндіріледі. Сөз таптарының ерекшеліктері, сөз табына жататын сөздердің сөйлемдегі қызметі өмірмен байланыстырылады. Мұғалім құрғақ ережені оқушыға жаттатудың зиян екенін естен шығармау керек. Жаттанды нәрсенің көпке бармай тез ұмытылып қалатыны әсте анық. Оқушының сөз таптарының қызметі, олардың орын тәртібі, түрленуі мен өзгеруі туралы жүйелі білім алуы шарт. Сабақта айтылған материалдардың барлығы оқушының есінде түгел қалмаса да оның ішінен ең негізгісі оқушының есінде қалдыруға қол жеткізу керек. Мысалы: оқушылар арасында зат есім туралы толық мағлұмат алғандары жиі ұшырасады. Нақтылы зат атаулары қалам, қағаз, дәптер, орындық т.б зат есім екенін біледі. Ал адамның ойлау қабілеті арқылы топшылаумен түсінетін заттық ұғымдардың атауы абстракты зат есімдерді ақыл, ой, сана, қуаныш, реніш, уайым, қайғы т.б келгенде оқушы тосылып қалады. Осы жағын нақтылы мысалдар арқылы түсіндіру қажет. Сын есім мен сан есімнің алдында тұратын, етістіктің сөйлемнің соңында келетіні сияқты тіл заңдылықтарын оқушының сөйлеу әрекетінде дұрыс қолдануын қадағалап отыру тіл мәдениетінің нормаларын сақтауға да үйрету құрлысының негізін қалайды.

Синтаксисті оқыту әдістемесі.

Қазақ тілі синтаксисінің методикасы - жас буындарға тіл ғылымының озық табыстарының негіздерінде сөз тіркесі мен жай және құрмалас сөйлемдерден, қазақ тілі пунктуациясынан терең, жүйелі, берік, саналы білім беру жолында қолданылатын ең тиімді әдістер мен тәсілдердің жиынтығы. Ол әдістер: байқау әдісі, тәжірибені талдау-жинақтау әдісі, бұрынғы мұраны үйрену әдісі, эксперт-анкета әдісі.

Қазақ тіл ғылымының синтаксис жөніндегі зерттеулері- қазақ тілі синтаксисі методикасының оқушыларға меңгерту үшін ұсынылатын материалдары. Қазақ тілі синтаксисі методикасының мазмұны мыналарды қамтиды:

1. Синтаксистен орта мектеп оқушыларына берілетін білім көлемін белгілеу.
2. Синтаксистен берілетін білімнің танымдық және тәрбиелік мәнін ашу.
3. Синтаксисті оқыту әдістері мен тәсілдерін анықтау.
4. Синтаксисті оқытуға байланысты жүргізілетін негізгі жұмыстардың, жазба жұмыстарының, жаттығу жұмыстарының түрлерін

белгілеу.

5. Қазақ тілі синтаксисі методикасының ұғымдары мен терминдерін жасау.

Қазақ тілі синтаксисін оқыту мәселесі. А.Байтұрсыновтың қазақ тілі синтаксисі туралы тұжырымдары оны оқыту жөніндегі соны пікірлер болып табылады. Тілші синтаксистің теориясын бір жүйеге түсірумен қатар, оны меңгерудің жолдарын ұсынды. «Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық даражада түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» деп, сөйлемнің қатысымдық қызметін айқындады [1, 264]. Синтаксистің әр саласы туралы теориялық материалдардан кейін практикалық жұмыстарды «өлеңмен жазылған сөйлемдерді өлеңсіз түрге айналдыру; сөйлем ішіндегі мүшелерін айырту; сөйлемнің қажет болған түрлерін білім алушылардың өзіне тапқызу» түрінде беріп, сөйлем мүшелерінің қай сөз табынан болатынын нақты мысалдар арқылы дәлелдеді [1, 287]. «Ауызбен сөйлесу» және «жазумен сөйлесудің» ерекшеліктерін анықтап, сөйлем жүйесінің сөйлеу әрекеті түрлеріне қатысын айқындады.

Сөз тіркесін оқыту.

Сөз тіркесін мектепте дамыта оқыту технологиясының міндеттерді шешуге тиімді болатыны, технологияның негізіне жазу теориясы алынумен байланысты деп анықталды. Жазудың өзі тілдің таңбалық болмысын түсіндіруге тірек болады. Сөз тіркесі синтаксисі туралы қажетті лингвистикалық ұғымдар жүйесін іріктеп, бастауыш сынып оқушыларына қазақ жазу принциптерін анықтау, сөздің сөз тіркесі құру процесі, сөз тіркесі мүшелерінің жазылуы, айтылуы туралы ережелерді үйрету арқылы дамыта оқыту қызметін ұйымдастыру көзделді. Қазақ жазуының теориялық концепциясына сүйеніп, бастауыш сыныпта «тізбек», «тізбектелу», «дыбыстар тізбегі», «буындар тізбегі», «түбір мен қосымшалар тізбегі» сияқты ұғымдарды енгізіп, олардың лингвистикалық түсініктерін меңгерту арқылы ғана тіл бірліктерінің тізбектелуі туралы түсінік қалыптастырады. Бір сөздің орфографиялық түрін талдату арқылы тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің тізбектелуі туралы жалпы ұғым жасату керек. Одан кейін оқушылар өз бетімен сөздер құрамындағы дыбыстардың тіркесімділік қабілеті мен тіркесімділік талғамы, тіркесім талаптары туралы түсінік беріліп, тапсырмалар орындалатылып, қорытынды тұсында тіркесім туралы ұғым жасатылады. Тіл бірліктерінің, дыбыстың түбірдің, қосымшаның, жеке сөздің құрамын талдау арқылы оқушы әр біліктің мағынасын ашады, соның негізінде әрбір тіл бірлігінің қызметі- өз тектес бірлікпен тіркесіп, өзінен жоғары деңгейдегі жаңа тіл бірлігін жасау екендігіне біртіндеп көзі жетеді. Осы тәріздес жұмыстар арқылы ғана оқушыларының ізденімдік- зерттеушілік қызметін ұйымдастыру тиімді болады. Сөйтіп, оқу қызметін оқушы теориялық ойлауы мен тілін дамыту бағытында құруды көздей отырып, сөз тіркесі синтаксисін жоғары сыныптарда оқытуды жазба тілдің принциптерін меңгертумен

байланыстыруды жөн деп қабылдадық. Әрине, бұл дегеніміз- бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуды тек орфографиялық принциптерге негіздеуді ұсыну емес. Жоғары сыныптарда қазақ тілін дамыта оқыту барысында жазу принциптерін тірек етудің мүмкіндігін анықтау және оны болашақта нақтылай зерттеу қажеттілігінің өзі – жоғары сынып оқушыларына фонетикалық және морфологиялық, синтаксистік ұғымдар аясын кеңейте меңгерту мәселесілерімен тығыз байланысты.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Фонетиканы оқытуда қандай әдіс пен тәсілдер қолданылады?
2. Фонетиканы оқытудағы тәжірибе әдісінің құрылымдық элементтерін санап айтып беріндер?
3. Фонетиканы оқытуда қандай психологиялық жаттығулар қолданылады?
4. Лексиканы оқытуда қандай методикалық жүйе іске асырылады?
5. Лексиканы оқыту қайсы тақырыптар бойынша жүргізіледі?
6. Лексиканы оқытуда қандай жаттығулар жұмыстарын алып барылады?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар зерттеулер. – Алматы: Ан арыс, 2009. – 102- бб.
2. Әбілқасымов А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. -Алматы, 1995.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992.
4. Жүнісбек Ә. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 1998.
5. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы, 1999.
6. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту методикасы. Ташкент-2003.
7. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. А., 2001.
8. Оразбаева Ф.Ш., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. А., 2005.

4-Тақырып: Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстары

Жоспар:

1. Тіл дамытудың мақсаты мен міндеттері.
2. Мазмұндама, шығарма жазу әдістемелері.
3. Диктант жүргізуге қойылатын талаптар.

Тірек ұғымдар: тіл дамыту, жазба жұмыстар, мазмұндама, шығарма, диктант, бағалау мөлшері, қате түрлері, стилистикалық қателер, бағалау түрлері, бағалау мөлшері, қатемен жұмыс.

Тіл дамытудың мақсаты мен міндеттері.

Қазақ тілін оқытуға байланысты тіл дамыту жұмысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты - дұрыс, сауатты жазып, оқушының ауызша және жазбаша ойын грамматикалық және стилистикалық жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету.

Тіл дамыту жұмысы, негізінен төрт бағытта жүргізілген: бірі - мәдени әдеби сөйлей білу нормаларына үйрету, яғни орфографиялық дағдыны меңгерте отырып, оқушыға мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. Екіншіден, лексикалық жұмыстары жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту, тілдің лексика және фразеология бөлімдерінен кеңірек білім беру көзделеді. Үшіншіден, жаңа сөздер үйрету, сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту арқылы сөз бен сөздердің байланысын, сөйлем құратып үйрету, сөйлемнің құрылысын білдіру арқылы синтаксистік лексикадан білім бері. Төртіншіден, оқушының ойын жазбаша дұрыс, сауатты жаза, әрі сөйлей білуге үйрету мақсат етіледі.

Жазбаша сөйлеу - графикалық жазу таңбалары арқылы іске асады. Жазбаша сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлеммен де, құрмалас сөйлеммен де бере алады. Жазбаша сөйлеу тілінде белгілі жүйелі байланыс болады. Адам сөйлеммен ойын жүйелі беруде тілдегі түрлі жалғау, жұрнақ, түрлі тыныс белгілерін (нүкте, үтір, қос нүкте, сызықша, тырнақша, леп белгісі, сұрау белгісі т.б.), синоним, омоним, тенеу, салыстыру сияқты тілдік құралдары пайдаланады.

Тіл дамыту – ана тілі әдістемесінің аса жауапты да күрделі саласының бірі. Оның күрделі болуының себебі, бала тілін дамыту міндетін жүзеге асырушы мектепте жүргізілетін пәндер қазақ тілі мен әдебиетке ғана болмай, оның сөйлеу әрекетіне де тікелей тәуелді.

Дидактикалық принциптер әр пәнді оқыту әдістемесінің теориялық негізі болып саналады. Қазақ тілін оқытумен байланысты тіл дамыту жұмысы да мынадай дидактикалық принциптерге негізделі жүргізіледі.

Мазмұндама, шығарма жазу әдістемелері

Тіл дамыту жұмыстарын жүргізуде жиі қолданылатын жазу жұмыстарының бірі – **мазмұндама**. Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылар оқыған мәтінді қабылдап, сол қабылдағандарын қайта жаңғыртуға тиіс және естерінде қалған мәліметтерді өз сөздерімен жазып беруге дағдыланады, сөз тіркесін құру, сөйлем құрау шеберлігіне жаттығады. Мазмұндама жазу арқылы бірқатар сөз тіркестері мен сөйлемдер, бейнелі сөздер оқушының есінде қалады, оқылған мәтінді қайта жаңғырту үшін, сөздер мен сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыруға жаттығады.

Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылардың тілдік материалды орынды қолдана білуге, жазбаша сөйлеудің ерекшелігін, мәтіннің синтаксистік құрылысын меңгертуге, ең басты қайта жасау қиялын дамытуға игі ықпал етеді. Осындай білім дағдыларын қалыптастыруда

методистер Бегман Ысқақ және Эльмира Оразбаева мазмұндаманың мынандай түрлерін ұсынады:

1. Дайын мәтін бойынша мазмұндама;
2. Сурет бойынша мазмұндама;
3. Аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама

Дайын мәтін бойынша мазмұндаманың өзін бірнеше түрге бөлуге болады:

1. Мәтінге жуық немесе толық мазмұндау;
2. Мәтіннің мазмұнын сақтап, бірақ баяндалу формасын өзгерту;
3. Қысқарта баяндау;
4. Толықтырып мазмұндау.

Шығарма – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып, баяндайтын шығармашылық төл еңбегі. Оқушының көркем шығарманы өзіндік ой-пікірі, көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, көркем тілмен әсерлі, жүйелі баяндалуы талап етіледі.

Оқушы тапсырманы өзі орындауы керек. Оқушының ойланып, нақты нәтижеге жетуін қадағалау – мұғалімнің басты міндеті. Жазба жұмысынан оқушының ой өрісі, білімі, сауаты көрініп отырады. Ауызша жауапта оқушы білімін толық көрсете алмауы мүмкін, ал жазба жұмыстың ішіндегі ең бір толыққанды, оқушы білімінің нәтижесін толық тексеруге мүмкіндік беретіні шығарма жұмысы.

Шығарма түрлеріне келетін болсақ, олар: **еркін шығарма, оқушының іс-әрекетіне байланысты шығарма, өнер саласына байланысты шығарма, сурет, фильм (диафильм), экскурсия бойынша шығарма, оқыған, естіген әңгімелеріне байланысты шығармалар.**

Шығарма жазуға қойылатын негізгі талаптар:

1. Тақырыпты толық аша білу;
2. Артық баяндау, қажетсіз дәлелдемелер мен көпсөзділікке жол бермеу;
3. Шығармада сөз болған жайды оқушының басқаларға түсінікті болатындай орамды тілмен, аз сөзге көп мағына сыйғыза баяндауы;
4. Шығарманың бөлімдерінің негізгі ой арқылы шебер байланысуы;
5. Шығармада жазушының өмірбаянына, жазылу тарихына, тарихи оқиғаларға, кейіпкерлерге қатысты қателіктер жіберілмеуі керек;
6. Оқушының шығармада сын мақалалардан, әдебиеттану еңбектерінен шағын үзінділерді қисынымен қолдануы, оның терең білімін танытады;
7. Барлық айтылған ойды жинақтап, тұжырымдап, тиісті қорытынды жасай білу.

Диктант жүргізуге қойылатын талаптар.

Мұғалімнің тексті үйде алдын-ала тағы бір қарап шығуы, әсіресе, сабақ жоспарын жасау кезінде аса қажет деп есептеледі. Сабақ жоспары демекші, диктантқа жоспар жасамайтын мұғалімдер де кездеседі. Жасағандары болса, диктанттың атын, өтетін күнін, айын, сыныпты

жазумен ғана шектеледі. Ең алдымен, мәтінді оқу кезеңінде көлденең сөз, сұрақ болмауға тиіс. Жазу кезінде бірлі – жарым қалып қойған оқушы болса, ол мұғалімнің ісі. Ал кейде, оқушылар тарапынан бір қажетті сұрақ бола қалса, жаздырып жатқан кезекті сөйлемді оқушылар түгел жазып біткеннен кейін қойылу керек. Диктант мәтінін жаздыру үстінде, диктант мәтінінен сыртқары кездесуі ықтимал көлденең сөздердің көлемі, мазмұны, шамасы оқушыларға алдын ала белгілі болуға тиіс. Мәтінді жаздыру үстінде мұғалім тарапынан оқушыларға айтылатын ескертпе түріндегі сөздерді жиі пайдалануға болмайды. Ерекше бір күрделі, қиын сөйлемдерді жаздыру ретінде ғана емес, бар ынта, зейіні диктант мәтінін жазуда болып отырғанда, қапелімде мәтін арасына көлденең сөздің кіруі оқушыларды аз да болса, алаңдатады, зейінін бөледі. Екіншіден, өзі жазып үлгіре алмай отырған кейбір балалар жаңағыдай сөздерді (көлденең) ажырата алмай, мәтінмен бірге жазып қояды. Мәтінді оқуда басты талап – тілдің орфографиялық заңдылығын сақтау болып табылады.

Үйрету диктанттарының маңызы

Үйрету диктанттарының тағы бір ерекшелігі – оқушыларды ойлануға, ізденуге, өз ойларын салыстыру әдісі бойынша дәлелдеп айта білуге және өз беттерімен жұмыс істей білуге төселдіреді. Бұл оқушыларды құлшындырып, өз ісіне деген сенімділігін арттырады.

Қысқасы, үйрету диктанттары оқушыларды сауатты жазуға ғана баулып қоймайды, алған білімін сыннан өткізіп, тұрақтандыруға, мәнерлеп оқу машығын қалыптастыруға көп септігін тигізеді.

Әріп диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар

Әріп диктантын жаздыру мақсаты – ана тілін жеткілкті білмейтіндер мен басқа ұлт балаларына қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуы мен жазылуындағы фонемалық, орфографиялық ерекшеліктерге байланысты олардың бір-бірінен айырмашылықтарын және оларды жаза білуді қаншалықты дәрежеде меңгергендіктерін білу. Өйткені әріп диктанты барлық жазу жұмыстарының іргетасы.

Буын диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар

Әріп диктантын жазып, әрбір дыбыс пен әріптің орфоэпиялық, орфографиялық өзгешелігін, үндестігі мен ұқсастығын салыстыру әдісімен саналы түрде түсініп, талдауға төселген оқушылар үшін буын диктантын жазу онша қиындық келтірмейді.

Сөз диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар

Сөз диктантының жеңіл болатын себебі – ол оқушылар меңгеріп болған дыбыстар мен буындардан құрылады. Мұндағы мақсат – сөздердің бір, екі, үш, төрт, одан да көп буыннан құралып, белгілі бір ұғымды білдіретінін дыбыс (әріп) және буынмен салыстыра отырып түсіндіру. Сөз диктантын жаздырар алдында оқушыға берілген сөздің қандай ұғымды білдіріп, неше буыннан, неше дыбыстан құралғанын, бірінші буындағы дауыстының жуан немесе жіңішке екенін айқындап, ондағы бір дыбыстың

әріпке айналғандағы жазылу емлесін айтып өтеді. Бұл, мысалы, былайша баяндалуға тиіс: көз, құлақ, құлақшын, көзілдірік сөздері бір, екі, үш, төрт буыннан құралған. Көз сөзінде 3, көзілдірік сөзінде 10 дыбыс (әріп) бар. Төрт сөз төрт түрлі мағына білдіріп тұр. Бұл сөздерде қазақ алфавитіне тән *ә, ұ, ғ, ң, һ* әріптері жоқ.

Сөйлем диктантын жаздыру мақсаты мен оған қойылатын талаптар

Диктанттың бұл түрі алғашқылардың бәрінен де күрделі. Өйткені бұл бір, екі, үш, төрт, бес, одан да көп сөздерден құралып, аяқталған ойды білдіреді.

Сөйлем диктантын жаздырудағы мақсат – оқушыларға сөйлемнің сыртқы құрылымын таныту және оны құрай білуге машықтандыру. Мұғалім сөйлем диктантын өткізуге кірісер алдында басқаларға түсіндіретін сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен басталып, сөздер бір-бірінен бөлек жазылатынын, мағынасына қарай сөйлем соңына нүкте, леп немесе сұрау белгілерінің бірі қойылатынын, сондай-ақ қазақ тіліне тән дыбыстардың (әріптердің) бар-жоғын айтады.

Әріп, буын, сөз және сөйлем диктанттарын жаздыру үшін төмендегідей әдістер пайдаланылады.

Қазақ тілі бойынша жүргізілетін диктанттар екі топқа бөлінеді: **мәтіні өзгертілмеген диктанттар** және **мәтіні өзгертілген диктанттар**.

Есту диктанты

Емле ережелерінің шегін ажырата отырып, оқушылардың есту қабілетін арттыруға байланысты орындалады. Есту диктантының орындалу тәсілі екі түрлі. Бірінші түрі: дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің, әріптер тіркесінің, тасымалдың, сөз құрамының және сөз таптарының жазылу ережесі ауызша түсіндіріледі де, осы мәліметке сай дайындалған мәтінге оқушылар көз жүгіртеді. Сонан соң бұл мәтін мұғалім тарапынан жаздырылады. Екінші түрі: мұғалім белгілі емлеге сай дайындалған мәтінді жаздырады. Жазу үстінде белгілі бір емлелердің астын сызып отыруды жүктейді. Сонан соң диктанттағы емлені оқушылардың өздері түсіндіріп, қатесін өздері түзетеді. Белгілі бір емлені түсіндіруге байланысты алынған диктанттың мәтіні 40-50 сөзге, ал арнайы жүргізілген диктант мәтінінің сөзі 90-210 сөзге дейін болады.

Көру диктанты

Емлені айыра отырып, оқушылардың көру қабілетін дамыту мақсатында жүргізіледі. Бұның да орындалу амалы екі түрлі. Бірінші түрі: емлеге сай дайындалған мәтін оқушыларға түгелдей оқытылады да, оны мұғалім дәптерге жаздырады. Содан кейін оқушылар жазылған диктантты емлеге сай түсіндіреді. Екінші түрі: мұғалім дайындаған мәтінді тақтаға

жазады. Емлеге байланысты түсіндіру кезінде тақтадағы орфограммалардың асты сызылады. Сонан соң тақтадағы мәтін өшіріледі де, сол мәтінді мұғалім оқушыларға жаздырады.

Бұл диктант оқушылардың көру, есту, есте сақтау, затты тану сияқты қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі. Көру диктанты үшін әріп, буын, жеке сөздер, сондай-ақ жазылуы қиын сөздер мен сөз тіркестері және шағын мәтіндер, жұмбақтар, мақалдар, жаттауға берілген өлеңдерді де алуға болады.

Өздік диктанты

Диктанттың бұл түрінің де өткенді қайталап, тіл ұстартуда маңызы зор. Оқушылар өтілген материалдарға байланысты әріптер мен буындарды, сөздер мен сөз тіркестерін, сөйлемдер мен жатталған өлеңдерді, жұмбақтар мен жаңылтпаштарды естеріне түсіріп, өздігінен ойланып отырып жазады. Мұғалім өздік диктанттың қай күні болатынын, нені қайталап келу керектігін оқушыларға алдын-ала ескертіп қояды. Сонда оқушылар үйден шала жаттаған өлең, жұмбақты, жаңылтпаштар мен ережелерді пысықтап келетін болады.

Шығармашылық диктант

Диктанттың бұл түрі – үйрету диктанттарының ішінде мазмұн, құрылым, стиль, әдіс-тәсіл жағынан ең күрделісі, оқушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын, білім деңгейі мен өздігінен жұмыс істеудегі шеберліктерінің көрсеткіші. Сондықтан бұл диктант шолу, қорытындылау, қайталау сабақтарында жиі жүргізілсе, шәкірттер ескерту, бақылау диктанттарына сенімді даярлықпен келеді.

Сөздік диктанты

Сөздік диктанты сабақтың кез келген уақытында жазылады. Оған оқушылардың жыл бойы меңгеруге тиісті термин сөздері, омоним, антоним сөздері және жазылуы қиын сөздер алынады. Тексттің көлемі 5-10 сөзден аспауы керек. Сөздік диктантын көру, өздік диктанттары ретінде де, мұғалімнің ауызша айтуы бойынша да жаздыруға болады. Ол мұғалімнің еркінде.

Терме диктанты

Диктанттың бұл түрі кез келген ережеге негізделіп жүргізіледі. Мұғалім диктант мәтінін оқымастан бұрын қандай ережеге көңіл аудару керектігін ескертеді. Оқушылар мәтінді түгел жазбай, мұғалім оқып тұрған мәтіннен әркім өзіне берілген тапсырмаға лайықты сөздер мен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді теріп жазады.

Ескерту диктанты

Бұл диктант көлемі, орфографиялық емлеге тән сөздік қоры жағынан бақылау диктантына жақын келеді. Басқа диктанттардай тек кеше не бүгін ғана өтілген тақырыптарды емес, осы уақытқа дейінгі барлық материалдарды түгел қамтып, оқушыларды бақылау диктантына тікелей әзірлейді. Сондықтан бұл диктантқа енген мәтіндер бірін-бірі қайталамай, өткен материалдарды тиянақтап, толықтыра түсуге тиіс. Ескерту

диктанта мұғалім де, оқушылар да тиянақты, ұқыпты да жауапты қарауы қажет.

Бақылау диктанты

Бұл диктант айына бір не әрбір үлкен тақырып, тараудан кейін немесе тоқсанның соңында өткізіледі. Бақылау диктанттары оқушылардың бұрын өтілген материалдарды қандай дәрежеде меңгергенін және сауаттылық деңгейін анықтау мақсатымен жүргізіледі.

Диктант үшін II сыныпта 18-20 сөзден, III сыныпта 20-30 сөзден құралған қысқа сюжетті мәтін алынады да, көлемі жөнінен де, мазмұны тұрғысынан да біртіндеп күрделеніп отырады. Бақылау диктанты төмендегіше жүргізіледі:

а) үзіліс кезін пайдаланып, мұғалім диктант тақырыбын, мәтін ішінде кездесетін қиын сөздерді тақтаға жазып қояды;

ә) мұғалім диктант мәтінін екі рет дауыстап оқып, жазылуы қиын сөздерді тақтадан қарап алу керектігін ескертеді;

б) егер диктант мәтіні жеке сөздер мен сөз тіркестерінен немесе оған негізделген сөйлемдерден құралған болса, мұндай мәтіндердің әрбір сөзін, сөйлемін мұғалім үш рет оқиды. Оқушылар жазар алдында әрбір сөзді көңіл қоя тыңдап, ұғып алғаннан кейін ғана жазуды ұсынады. Мұғалім оқушылардың түгелдей жазуын қадағалап, ең баяу жазатын оқушы жазып бітісімен, келесі сөйлемді оқиды. Бірақ ол жаңа сөйлем екені айтылмайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тіл дамытудың ауызша және жазбаша түрлері.
2. Тіл мәдениеті және оны оқыту.
3. Диктант және тіл ұстарту.
4. Диктантты бағалау нормалары.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. А., «Мектеп» баспасы. 1998.
2. Е. Исабаев. Дыбыс жүйесінің негіздері. А., «Мектеп». 1992.
3. Диктанттар жинағы. А., «Мектеп». 2004.
4. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы. А., «Мектеп», 2002.
5. «Қазақ тілі мен әдебиет» пәнінің бағдарламасы. А., «Мектеп». 2005.

5-Тақырып: Қазақ әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері

Жоспар:

1. Әдебиет сабақтарында қолданылатын сабақ түрлері
2. Әдебиет сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдер
3. Әдебиет сабақтарында көркем шығарманы оқу және талдау

Тірек ұғымдар: сөз өнері, көркем сөз, әдіс, көрнекілік әдісі, зерттеу әдісі, репродуктивті әдіс, көркем шығарманы талдау.

Әдебиет сабақтарында қолданылатын сабақ түрлері

Педагогикалық тұрғыдан ойлауды қалыптастыру үшін жоғары мектептегі оқыту процесінің дамуы мен мәнін, құрылымын, қисынын (логикасын) түсіну маңызды. Ол үшін оқыту процесінің негізгі құрылымдық бөліктерін бөліп алу қажет. Оқыту процесі - бұл мұғалім мен оқушылардың белгілі бір мақсатқа бағытталған өзара әрекеттестігінің барысында оқушыларға білім беру міндеттерін шешу. Оқыту процесінің құрылымдық компоненттері мыналар: Мақсат. Педагог Оқушы, білім алушы. Оқыту әдістері. Оқытуды ұйымдастыру түрі. Алған білімді өмірде қолдана білу, нәтижесін көру. Педагогикалық диагностика. Негізгі қайшылықтар - оқыту процесінің қозғаушы күші. Оқыту - екі жақты процесс - оқыту және оқу. Оқыту - қоғамдық қарым-қатынастың субъектісі ретінде адамды дайындау қажеттілігінен туындаған әлеуметтік негізделген процесс. Бұдан шығатын қорытынды - оқытудың әлеуметтік қызметі әлеуметтік талаптарға сәйкес тұлғаны қалыптастыру. Тұлғаны қалыптастырудың негізі, қайнар көзі - әлемдік мәдениет, адамзаттың ғасырлар бойы жинақтаған рухани және материалдық байлығы. Дидактикада И.Я.Лернердің тұжырымдамасы кеңінен қолдау тапқан: Білім Іс-әрекеттің әдістері. Шығармашылық тәжірибе Зерттелініп отырған объектіге, сонымен бірге өз-өзіне және басқа адамдарға деген эмоционалдық-құндылық қарым-қатынас, қоғамдық, ғылыми және кәсіби іс-әрекеттің себеп-салдары мен қажеттіліктері. Оқыту процесі - білімді, біліктілік пен дағдыны меңгеретін, тұлғаның дүниетанымын, күш-қайратын, қабілеттерін тәрбиелеп дамытатын іс -әрекет барысы. Оқыту процесі - тұтас педагогикалық процестің бір бөлігі. Оқыту - мақсатты процесс. Оқытудың басты мақсаты, әдіс тәсілдері, мазмұны мен міндеттері қоғам талабынан туындап, ұдайы өсіп, жаңарып отырады. Оқыту - таным процесі. Оқыту - даму негізі. Оқыту - жоспарлы процесс. Оқыту - бұл күрделі процесс. Ол тұлғаға білім беру, тәрбиелеу және ақыл - ойы мен творчестволық қабілетін, демек біліктілігі мен дағдысын дамыту негізінде жүзеге асырылады. Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, оқыту процесі - бұл білім алушы тұлғаны дамыту үшін мақсат көздеген, педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған, әлеуметтік жағынан қамтылған процесс. Оқыту процесін екі негізгі репродуктивті (шығаратын) және продуктивті (шығармашылық) вариантта жүргізген жағдайда білім мен іскерлік әдістерін меңгеруге болады. (В.И.Загвязинский). Кез-келген танымдық міндеттерді шешу өз табиғатында қарама-қайшылықты болып келеді. Осы қарама-қайшылықты шешу қызығушылық тудырады, белгілі бір іс-әрекетке жетелейді, белсенділік туғызады, міне, осылар оқыту процесінің қозғаушы күші болып табылады. Лекцияның негізгі дидактикалық мақсаты - студенттердің оқу материалын меңгеруіне қажетті бағыттаушы негізді қалыптастыру. Жақсы, дидактикалық мақсаттарға сай

ұйымдастырған лекция лектордың аудиториямен шығармашылықтық тұрғыдан жасайтын қарым-қатынасы, оның танымдық эмоционалдық тұрғыдан тиімділігі жоғары болады. Егер студенттің ойлау қабілеті белсенді болса, онда жаңа материал оңай, әрі тез оқытады, сондықтан, лекцияда тыңдаушылардың белсенділігі мен ойлау қабілетін тудыру қажет. Лекцияға қойылатын талаптар: Лекция мен лекция оқудың адамгершіліктік, ізгіліктілік (гуманистік) жағы; Ғылымилығы мен ақпараттылығы; (қазіргі кездегі ғылыми деңгейі) Дәлдігі мен дәлелділігі; Түсіндірудің эмоционалдық жағы; Тыңдаушылардың ойлау қабілетін белсендіру; Қойылған сұрақтарға жауап берудегі құрылымы мен қисығының нақты болуы; Басты ой-пікір мен ережелерді бөліп алу; Тірек ұтымдарды бөліп алу, түсіндіру; Қорытындылау; Тілінің түсінікті және анық болуы; Басты, жаңа ұғымдар мен терминдерді түсіндіре білу; Мүмкіндігінше дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерді (аудио, видео, интерактивті мультимедиалық құралдар т.с.с.) пайдалану; Аталған талаптар лекцияның сапасын бағалау критерийлерінің негізі болып табылады. Лекцияның құрылымы және оның сапалылығын бағалау Өзінің құрылымы жағынан лекциялар әртүрлі болып келеді. Оның құрылымы оқытылатын материалдардың мазмұны мен сипатына байланысты, бірақ, кез-келген лекцияға қолданылатын жалпы құрылым-дық форма болады. Ең алдымен лекцияның жоспарын хабарлап, яғни жоспармен таныстырып, сол жоспар бойынша жүйелі түрде сұрақтардың мазмұнын ашуды қатаң түрде сақтау қажет. Емтихан сұрақтарына кіретін негізгі, маңызды мәселелерге ерекше назар аударып, соларды жоспарға міндетті түрде енгізілуі шарт. Алдыңғы өтілген лекцияның мазмұнын еске түсіріп, оның жаңа материалмен байланысын, пәндегі және басқа ғылымдар жүйесіндегі орны мен қажеттілігін айтып өту керек. Тақырыпты ашу барысында индуктивті әдісті қолдануға болады: ғылыми қорытындыларға әкелетін мысалдар, фактілер; сол сияқты нақты мысалдар арқылы жалпы ережелерді түсіндіруде дедукция әдісін де қолдануға болады. Лекцияның соңында айтылған мәселелер бойынша қорытынды жасау лекцияның құндылығын арттырады. Жоғары мектептегі дәстүрлі лекциялар ақпараттық болып табылады. Лекциялар мазмұны, құрылымы, сипатына қарай әртүрлі болып келеді. Бірақ, жалпы басшылыққа алатын әдістемелік ереже, қағидалар ортақ болады. Лекцияның үш түрі болады: 1. Кіріспе. 2. Ағымдағы лекция. 3. Қорытынды, немесе шолу лекциясы. 1. Кіріспе лекция - мұнда пәннің мақсаты, ғылымдар жүйесінде алатын орны, сол мамандыққа қажеттілігі, яғни рөлі, мамандыққа қажет оқылатын басқа да пәндермен байланысы, сол пән ғылымының зерттеу пәні, әдіснамалық негізі, әдістер, мәселелер мен гипотезалар, даму перспективасы, іс-тәжірибесі, яғни практикамен байланысы, теориялық материалдар, даму тарихы, студенттердің болашақ мамандығына байланысы, пәнге байланысты оқулық, оқу-әдістемелік құрал, ғылыми әдебиеттермен таныстыру сияқты мәселелер сөз болады. Бұдан басқа пәнді оқып, меңгерудің, жүйелі түрде әдебиет пен конспектiлермен жұмыс жасаудың әдістерімен таныстырған жөн. 2.

Ағымдағы лекция - оқу жоспары негізінде жасалған типтік бағдарламаға сәйкес жұмыс бағдарламасы бойынша жүргізіледі. 3. Қорытынды немесе шолу лекция - бұл қысқаша конспект түрінде берілмейтін, білімнің жоғары деңгейде жүйеленіп берілуі. Сонымен бірге ең қиын, күрделі емтихан сұрақтарының жауаптары қарастырылады. Жалпы лекцияны оқи отыра, лектор студенттердің қандай мәселелерді жазып алып жатқандығын байқап, соған бағдарланып отыруы керек. Конспект мұқият тыңдау, жазба жұмыстары кезінде жақсы есте сақтау, семинар, емтихандарға дайындалуда тірек материалдары ретінде көмек береді. Лектордың міндеті - студенттерге конспект жазу барысында ойлап, саналы түрде ұғыну, зерделеуді, тыңдай отырып, қысқаша жазып алулары үшін жағдай тудыруы керек. Ол үшін лектор студенттерге көмектесуі, яғни барлығына түсінікті ме, жоқ па, үлгеріп жатыр ма, міне, осындай мәселелерге назар аударуы қажет. Бұны ол аудиторияның реакциясынан байқай алады. Ол үшін лектор өзінің дауыс ырғағына, материалды қалай жеткізіл жатқандығына, тақтадағы жазбаларына, көрнекілікті қолдануына, дауыс темпіне, лекцияның регламентінің қалай сақталып жатқандығына үнемі бақылау жасап отыруы қажет. Студенттерді қысқаша лекция жазуға уйрету, жазбаларды рәсімдеу, қысқартылған сөздер, әртүрлі белгілерді дұрыс қоя білу, жазба жұмысы барысында әртүрлі қаламдарды қолдану сияқты іс-әрекеттерге дағдыландыру пайдалы. Лекция мазмұнының құрылымының нақтылығы, студенттердің ынта - ықыласын өзіне аудара білуі студенттердің белсенділігін, жұмысқа деген қабілеттілігін, педагогикалық қарым-қатынас орнатуға, еңбекке деген құлшынысты, пәнге деген қызығушылықты тудырады. Лекция сапалылығын бағалау Өзара сабаққа қатысу барысында қызметтестер оқытушының лекцияны оқу сапасын бағалайды. Лекцияны бағалау критерилерінің негізгі түйіндері: оның мазмұны, әдісі, студенттер жұмысына жетекшілік, лекторлық дарын, лекцияның нәтижелілігі. 1. Лекцияның мазмұны: ғылымилығы - қазіргі кездегі ғылымның дамуына, жетістігіне сәйкестілігі; саяси бағыттылығы - дүниетанымдық идеяларды бөліп алу, жекелеу, әдіснамалық сұрақтарды ажырата біліп, оларды түсіндіру; ойлаудың белсенділігі - мәселелік сұрақтар қою және пәнаралық байланыстарды анықтау; Лекция мен оқулық арасындағы байланыс, яғни оқулықта жоқ материалдар беріле ме, әлде оқулық бойынша айтылып жатыр ма? Қиын сұрақтарды талдау, ерекше тоқталу, жекеленген материалдың бөлімдері бойында студенттерге өз бетінше тапсырма беру. Пәнішілік және пәнаралық байланыстар. 2. Оқытудың әдісі - лекцияның құрылымы, қисыны (логикасы), жоспары, әдебиеттер мен қосымша әдебиеттерді беру, жаңа терминдер, дәлелділігі мен дәйектілігі, негізгі ойлар мен қорытындылар, оларды ажырата білу, көрнекілік құралдар, жекеленген жазбалар, тірек конспектілерді қолдану. Қорытындылауда сұрақтарды қайталау, бақылау, тексеру сұрақтары, лекцияның соңында бүкіл лекция материалы бойынша қорытынды, тұжырым жасау. 3. Студенттер жұмысына басшылық - лекция, конспектілерді жазуды талап ету, сұрақ-сауал, дискуссия ұйымдастыру.

Конспектілерді семинар сабағында, лекцияның соңында тексеріп отыру. Шешендік әдістер, риторикалық сұрақтар беру, әзіл-қалжыңды орында қолдану сияқты студенттердің ықыласын аудару, көңіл-күйлерінің көтеріңкі болуына кейбір әдістерді қолдану. 4. Лекторға қойылатын талаптар: пәнді жетік білуі, идеялық сенімділік, көңіл-күй, дауысырғағы, сөз құрамының дұрыстылығы мен нақтылығы, демалысы, сырт көрінісі, өзін-өзі аудиторияда ұстай білуі, аудиторияны "көре" және "сезе"? білуі, аудиториямен байланыста болуы. шешендік шеберлігі. 5. Лекцияның нәтижесі: ақпараттық құндылығы, тәрбиелік әсері, дидактикалық мақсатқа жетуі. Лекция оқу барысындағы лектордың міндеті: - студенттердің танымдық жұмыстарын тиімді ұйымдастыру, яғни лекцияны тыңдау, қабылдауы, түсінуі сияқты танымдық процестердің белсенді жүруін байқау, қадағалау; материалды өңдеу; тұжырымдап, қорытынды жасау: Дұрыс әрі тиімді ұйымдастырған лекцияның тәрбиелік маңызы арта түседі, яғни, ойлау, еңбек әрекеті, пәнге деген ынта, ықылас және қызығушылық дамып, қалыптасады. Семинар және лабораториялық сабақтар. Семинар сабағының оқытудың формасы ретінде өзіне тән тарихы бар. Семинар латынның " *seminarium* " деген сөзінен шыққан. Семинар ертедегі грек, рим мектептерінде диспут, комментарий, қорытынды түрінде өтілген. XVII ғасырда бұл форма Батыс Еуропа елдерінде, ал ХГХ ғ.-дан бастап Ресей университеттерінде қолданылып келеді. Семинар сабақтары белгілі бір жеке ғалымның басшылығымен студенттердің теориялық курс пек ғылыми зерттеу жұмыстарының әдістерін меңгеруін сипаттайды. Семинар сабақтары жоғары мектеп алдындағы міндеттердің өзгеріп отыруына орай үнемі жетілдіріліп отырды. Қазіргі кездері семинар сабақтары, негізінен, жоғары мектепте гуманитарлық және техникалық пәндерді оқытуды ұйымдастырудың формасы болып табылады. Ол студенттерде ойлай білу мәдениетін дамытудың құралы болып саналады. Семинар сабақтары пәнді терең, жетік меңгеру мен ғылыми танымның әдіснамасын меңгеруге бағытталады. Студент семинар сабағына дайындалу барысында өз бетінше шығармашылықпен жұмыс істеп, дайындалады (талдау жасау, реферат-тар жазу, баяндамаларға дайындалу, т.с.с.) Семинар сабақтары - студенттердің шығармашылық іс-әрекетін дамытудың бірден-бір жолы. Семинар сабақтарында келесі мәселелерді шешу көзделеді (А.М.Матюшкиннің пікірі бойынша): Кәсіби шығармашылық тұрғыдан ойлауды дамыту; Танымдық мотивтер; Оқу жағдайларында кәсіби біліктілікпен білімді қолдану. Семинар сабақтарында оқытушы білімді тиянақтау, бекіту, бақылау жасау, педагогикалық қарым-қатынас сияқты жекеленген мәселелерді шешеді. Қазіргі заманауи ЖОО-да семинар сабақтарының кең тараған 3 типін ажыратуға болады: Ағымдағы семинар Жекеленген семинар Арнайы семинар Ағымдағы семинар - бірінші курста жүргізіледі. Мақсаты -студенттерді өз бетінше жұмыстың ерекшелігімен, таныстыру, әдебиет-тер мен қайнар көздерімен таныстыра отырып, олармен жұмыс жасаудың әдістерін үйрету. Себебі, тәжірибеден белгілі болғандай, бірінші курс студенттері бірден бірнеше әдеби қайнар көздермен жұмыс жасай

алмайды, қажетті материалды іріктеу, оған талдау жасау, тақырыпқа сәйкес материалдарды табу сияқты жұмыстар қиындық туғызады. Сондықтан әдеби қайнар көздермен жұмыс жасауды үйретуге, ғылыми мәселелерді шешуге шығармашылықпен қарау, семинар сабағына дұрыс дайындалу дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу керек. Семинар сабағына дайындалудың келесі кезеңі - реферат дайындау, тақырыпты анықтау, оқи білу, талдау, талқыға салу. Күрделі оқу, тәрбие міндеттері 2-4 курстарда жүретін семинар сабақтарында, әсіресе, 4-5 курстардағы арнайы семинар сабақтарында студенттерде меңгеретін материалға деген зерттеушілік көзқарас қалыптасады. ЖОО-да көбінесе семинардың 3 типі жүргізіледі: Белгілі бір курсты терең меңгеру мақсатына көздейтін. Әдіснамалық жағғышан маңызды белгілі бір тақырыптың немесе курстың жекеленген тақырыптарын меңгеру. Ғылымның жекеленген бөлімдерін терең зерттеу мақсатындағы. Семинар сабақтары әңгіме, баяндама, пікірталас түрлерінде өтіледі. Арнайы семинар белгілі бір ғылым саласы бойынша жоғары курстарда өтіледі. Егер жүргізуші оқытушы тәжірибелі болса, онда ол студенттерді ұжымдық формада ойлай білу мен шығармашылықпен жұмыс жасауды, ситуацияларды құрастыру, оларды шеше білу, моделдеу, бағалау, өзара сын секілді іс-әрекеттерді қалыптастырады. Семинар сабақтарының маман даярлауда маңызы зор, себебі әртүрлі, күрделі міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызады, студенттердің шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін дамытады. Семинар сабағында студенттер ғылыми ақпаратты меңгереді, ғылыми жұмыс-тарды жазу, өңдеу дағдысы мен іскерлігін дамытады, материалды ауызша немесе жазбаша түрде айтып, жазып беру өнерін игереді. Семинар сабағының бірден-бір мақсаты: - лекцияда алған білімді терең ұғыну, мәселелерді шешу, проблемалық ситуациялар мен есептерді ойластыру, құрастыру, талдау, өз позицияларын айқындап, анықтау. Семинар сабағына дайындықтың бастауы - әдебиетпен жұмыс істеу, талқыланатын мәселелер мен сұрақтарға дайындалу. Семинар сабағы өзінің әдістемесімен, яғни әдістемесінің әр түрлі, көпқырлығымен ерекшеленеді. Семинардың жоспары, қарастырылатын сұрақтар алдын-ала белгілі болады, онымен студенттер алдына-ала танысады. Сол бойынша барлығы дайындалады. Келесі бір әдісі - белгілі бір тақырыптарға, белгілі бір студенттер арнайы дайындалады. Бұл жағдайда оқытушы студент баяндамасының өз бетінше шығармашылықпен, жауапкершілікпен жұмыс істеу деңгейін бағалайды. Қалған студенттер тек тыңдаушының ғана рөлін орындамау үшін, топтың белсенділігін (сабақ үстіндегі) арттыру үшін, оқытушы тақырыпқа байланысты, мүмкіндігінше, көптеген қосымша сұрақтар дайындауы керек. Семинарға дайындалу үшін оқытушы негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімін береді. Семинар сабағын өткізгенде оқытудың дидактикалық қағидалары орындалуы тиіс. Атап айтқанда: Оқытудың тәрбиелігі, яғни болашақ мамандыққа деген қызығушылығын дамыту, арттыру өзін-өзі тәрбиелеу, кәсіби тұрғыдан тәрбиелеу; Оқытудың ғылымшығы - ғылымның соңғы жаңалықтары, жаңашыл мұғалімдер

тәжірибесі оқытудың жаңа техноло-гаялары, педагогикалық инноватикалар, педагогикалық терминдер, студенттердің ғылыми көзқарасы мен педагогикалық тұрғыдан ойлай білу қабілеттерін қалыптастыру; Оқытудағы саналылық - қағидалар мен заңдылықтарды саналы түрде ұғыну, оларды іс-жүзінде пайдалана білу; Теорияның практикамен байланысы - теориялық материалдарды бекіту, байқаумен байланысы, т.б. қорытындылап, тұжырымдауды, нақты іскерліктерді қалыптастыру, т.б. Семинар сабақтарының сапалылығын анықтайтын критерийлер: мақсатқа бағыттылығы - теориялық материалды болашақ кәсіби іс-әрекетте, материалды нақты іс жүзінде қолданумен байланыстыру; жоспарлау - басты мәселелерді бөліп алу; ұйымдастыру - пікірталас, пікіралысуды қолдау, студенттердің жауаптарына талдау жасау; семинарды жүргізу стилі - белсенді; оқытушының студенттермен қарым-қатынасы, талап қоя отырып, құрметтей білу немесе бейтараптық; студенттердің оқытушыға қарым-қатынасы - сыйластық, өзара сын; топты басқару - оқытушының топта өзін-өзі еркін ұстауы, сенімділік, әділдік немесе керісінше көп ескертулер жасауы, дауысын көтеру, топта тек бірнеше студентпен ғана жұмыс істеуі, т.б. Оқытушының қорытындысы - кәсіби шеберлікпен, сенімділікпен немесе керісінше; Студенттердің жазба жұмыстарын үнемі, жүйелі түрде жүргізу немесе керісінше. Кептеген жағдайларда семинар сабақтарында іскерлік ойындар, тренингтер ұйымдастырылады (мамандыққа байланысты). Лабораториялық жұмыстар Лабораториялық жұмыстар - оқу-зерттеу іс-әрекеттері барысында студенттерге теориялық әдіснамалық білім мен оны нақты іс жүзінде қолдануға қажетті іскерлік, дағдылар жүйесінің интеграциясын сипаттайды. "Лаборатория" латынның - "Labor" еңбек, жұмыс, қиындық деген мағынаны білдіретін сөзінен шыққан. Лабораториялық жұмыстар оқу жұмысының ерекділігіне байланысты, сондықтан әрбір нақты жағдайда жекеленген әдістемелік нұсқаулар қажет. Топтың біріккен іс-әрекеті - ең тиімді формалардың бірі. Оның нәтижелілігі оқытушының ұйымдастырушылық шеберлігіне байланысты, яғни студенттерді өз бетінше жұмыс жасауға, мәселені зерттеуші ретінде шешуде оларды ойластыру, ойлай білу іс-әрекеттерін белсендіру мақсатында бағыттаумен анықталады. Кез-келген практикалық жұмыстың маңызды жағы жаттығу болып табылады, яғни негізінен есептерді шешу, графикалық жұмыстар, ғылымның негізгі ұғымдарын нақтылау.

Әдебиет сабақтарында қолданылатын әдіс-тәсілдер

Көрнекілік әдісі- берілген білімнің мазмұны көрнекілікті тілеп тұрғанда уақыт үнемдеуге, әсіресе оқушы психологиясына әсер ету мақсатында өте тиімді болады. Сондай-ақ оқушы сабаққа қызықтыру, ынталандыру мәселесінде де маңызы зор.

Зерттеу әдісі- берілетін білімнің ғылымилығын арттыру қосымша материалдармен байыту, оқушыларды іздендіру, өз бетімен проблема шештіру мәселелерінде тиімді. Оқушылардың өздігінен ойлануы мен

іскерлігін өз беттерінше уақытында жасау дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы. Бұл әдіс негізінен, семинар, конференция, сабақтарда баяндама, реферат жаздыруға ыңғайлы. Бұл әдістегі негізгі мақсат- оқу материалының бұрынғы сабақтарда қамтылмаған жаңа қырларын, тың астарын ашу. Бұл әдіс ұстаздың шәкірттерге зерттеу тұрғысындағы проблемалық тапсырмалар беруі арқылы орындалады.

Шығармашылық әдісі-шәкірттердің оқырмандық қабілетін тәрбиелеу мақсатында көркем шығарманы оқып-үйренудің алғашқы кезеңінде де, қолданылуы мүмкін. Мұнда төмендегідей әдістемелік тәсілдер қолданылады:

- Мұғалімнің мәнерлеп оқуы.
- Көркемсөзөнерлерінің мәнелеп оқуы.
- Артистердің орындауындағы жеке сахналық көріністер.
- Оқушыны мәнерлеп оқуға үйрету.
- Көркем мәтінді ұстаздың коментарий түсінік бере оқуы.
- Әңгіме жүргізу.
- Шығармашылық тапсырма беру.
- Жаттау.
- Жоспар құру.
- Эпизодтарға тақырып қою.
- Мәтінге жақын баяндау.
- Көркем баяндау.
- Сценарий құру.
- Иллюстрация жасау.
- Пікір жазу(кітап, кино, спектакль, радио, телеқойылым, хабарларға)
- Шығарма жазу.

Эвристикалық әдіс- мұнда да негізгі оқу материалы-көркем шығарма. Оны талдау арқылы көркем-эстетикалық, рухани, адамгершілік, қоғамдық- философиялық мәселелердің мәнін ашу көзделді. Бұл әдіс кәбіне эвристикалық әңгіме түрінде жүргізіледі. Мұны кейде эвристикалық әңгімеден соң ұстаздың сұрау тапсырмалары бойынша шәкірттердің өздері орындауы да мүмкін. Бұл әдіс мынадай әдістемелік тәсілдер арқылы іске асырылады:

-Логикалық сұрақтар жүйесі(көркем шығарманы талдау, теориялық т.б мәселелер бойынша)

-Тапсырмалар жүйесі. Шығарма мәтіні бойынша ауызшпа, жазбаша жоспарлау, баяндау, теориялық т.б мәселелер бойынша.

-Мұғалімнің өзінің немесе мұғалім ұсынысымен шәкірттердің проблема қоюы, пікірталас ұйымдастыру.

Репродуктивті әдіс- бұл әдісте оқытушы белгілі бір оқу материалын проблема қоя отырып баяндайды, әрі оған өзі жауап береді, тақырыптың мәнін түсіндіреді. Содан соң шәкірттерден дәл осы ізбен қайталап, басқа оқу материалын түсіндіруді талап етеді. Бұл репродукция яғни қайталау, көшірме жасау әдісі болып есептеледі.

Репродуктивті әдісте қолданылатын тәсілдер:

-Әңгіме(жазушылардың өмірі мен шығармашылығы жөнінде оқытушы әңгімесі)

-Шолу лекция(оқу құралдары, техникалық көрнекі құралдарды пайдалана отырып)

-Тапсырма беру(оқулық, оқу құралдары бойынша)

-Сұрақтарға жауап беру(оқу материялын арқау ете отырып)

Әдебиет сабақтарында көркем шығарманы оқу және талдау

Әдебиет – сөз өнері. Барлық сөзді тізе берсең әңгіме, жыр шықпайды. Адам жүрегі тербетіп, ақыл таразылап, тіл кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады. Ғылыми тұжырымда әдебиет «адамтану құралы», ал әдебиет пәні «адам тәрбиелеу құралы», - делінген. Өйткені, **Ғылыми педагогикалық ұстаным бойынша** әдебиет әдебиет пәні философиялық, педагогикалық, негізінен ұлттық ізгілікті, психологиялық, тұғырламалық мәдени – рухани көзқарастарға құрылса құндылықтарға құрылған. Ұлттық таным, ұлттық рухани гуманистік сананы (адамгершілікке сананы қалыптастырса негіздеу) қалыптастырады. Бірлесе отырып: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, қазақ тілінің қатысымдық, эстетикалық және этикалық қызметін меңгеруін қамтамасыз ету, оқыту үрдісі арқылы ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, қазақ әдебиеті шығармаларын аудармасыз қазақ тілінде оқу, түсіну, баяндап айту деңгейіне жету, Қазақстандық патриотизм идеяларын болашақ қоғам иелерінің санасына дарыту. Орыс мектептеріндегі «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту – айрықша көңіл бөлуді қажет ететіндігі еліміздің ертеңгі болашағына деген үлкен міндеттен туындап отырғаны бәрімізге мәлім. Оқушыларға әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын – жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек. «Көркем шығарма - әдебиеттің құндылығы».

Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру.» - деген болатын әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз. Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс – тәсілдерді орнымен қолдану қажет.

Әдебиет сабағындағы ең басты жұмыстардың біріне оқушылардың көркем шығарманы қабылдауы, одан әсер алуы, көркем туындыны бүкіл

бітім – болмысымен түсіне білулері жатады. Яғни мұғалім осы мақсатпен ізденуі керек, осы мақсатта оны жүзеге асырудың ең тиімді деген әдіс – тәсілдерін сұрыптай отырып пайдалануы керек. Оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытудың жолдарын қарастыруы керек.

Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру; оқырмандық тұрақты ынта – ықыласты, биік талғамды қалыптастыру; әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру; логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру. Бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру болып табылады.

- көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын, ынтазарлығын ояту, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру;

- сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем – дағдылар қалыптастыру;

- ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой – пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу.

Әдебиет - өнер, әдебиет - ұлттық қазына, асыл мұра. Әдебиет – ұлттық танымның қайнар көзі, сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді **оқулыққа ендірудетөмендегідей қағидалар басшылыққа алынған:**



• Шығарманың жанрлық, композициялық тұтастығы.

• Оның ұлттық қазына екендігі.

• Мәтіндердің сәйкестігі мен сабақтастығы.

• Әдебиетті сөз өнері ретінде

Оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру Оқушылардың тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту. Ой, ойлану, ойлату барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік пікірде жатыр. Көркем туындыны оқытудың ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешілігі де, күрделілігі де осында. Басқа пәндерге қарағанда әр түрлі.

Мектепте әдебиетті оқытудың мән-маңызы көркем туындыны оқыту, талдау, оқырмандық пікір қалыптастырумен ашылмақ. Көркем

туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды. Оқу баланың өз еңбегімен жүзеге асса, талдау мұғалім, оның ұйымдастыруы, жобалауы, тиімді жағын ойластыруы арқылы жүзеге асады. Көркем мәтінді оқушы қалай оқып, қабылдайды, қандай ой туады, өз көзқарасын қалай жеткізеді – бұл оқушы мен мұғалімнің бірлескен еңбегінің жемісі болмақ.

Қазіргі әдістемеде талдау жасаудың 4 түрі:

Образ бойынша;

Тақырыптық;

Тұтас;

Автор ізімен.

ұсынылып жүр. Қандай талдау түрі болса да, не мақсат көзделеді?

Бұл сұраққа әдіскер Қ.Бітібаеваның сөзін негізгі ала жауапберсек

1. Оқушының туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын тану,

2. Эстетикалық талғамын қалыптастыруға сеп болу,

3. Таным қабілеті, ойлау белсенділігі мен дербестігін ұштау,

4. Ең бастысы – көркем туынды бойынша талдау жасау, пікір айту жолдарын меңгерту /тақырыбы, авторлық идея, образдар жүйесі, сюжеттік-композициялық ерекшелігі, көркемдік-эстетикалық жағын т.б. кешенді түрде қарастыру/.

Көркем туындыны оқытып, сауатты талдауға қол жеткізу үшін автордың мақсат-мұратын, ойын білдіретін әрбір деталь, көркемдік тәсілді дәл танып, жазушы шеберлігін оқушыға дұрыс таныта білу керек. Оқушының танымдық-шығармашылық қабілетін, ойлау белсенділігін дамытатын, өз жоба-жорамалын ұсыну, салыстыру негізінде дұрыс шешім табуға жетелейтін әдістің бірі – проблемалық талдау. Ол көркем туынды негізіндегі проблеманы дәл танып, ізденіске, әдеби айтыс-тартысқа жетелейтін сұрақтар әзірлеуді қажет етеді. Сұрақ авторлық идея, проблема, кейіпкер іс-әрекеті т.б. негізінде туындайды.

Тарихи және көркем шындықты негізге ала талдау.

Мұнда мұғалім тарих рең ғана болатынын, жазушы кейіпкер бейнесін жасауда өмір шындығын қалай пайдаланғанын назарда ұстауы керек. Ш.Құдайбердіұлы мен М.Абайұлының «Еңлік-Кебек» дастандарын, кейін М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» пьесасын оқытуда мұғалім үш туындының арқауы – махаббат трагедиясына үш суретке де замана сипаты, ел ішіндегі әлеуметтік жағдайға сәйкес қарағанына мән береді. Оқушыны мына сұрақтар төңірегінде іздендіруге болады:

1. Трагедиялық оқиғаның тууына қандай қоғамдық, әлеуметтік жағдайлар себеп болды?

2. Неге Шәкәрім «Ақтабан шұбырынды» оқиғасын өз сөзіне астар етіп алған?

3. Ғашықтар трагедиясына кім, не кінәлі? Бұған өзің қалай қарайсың?

Осыған орай оқушы ой-толғанысының үзгі:

«Шәкәрім ғашықтар қазасын бір ру, топ, жеке адамның мойнына қоймайды. Қатігездік көптің тарвапынан жасалған, сондықтан кінә жеке

адамда емес, тұтас қоғамда. Кеңгірбай би де жастарға ара түсе алмай, заман мен жағдайға бас иген».

«Ақтабан шұбырындыны сөзіне астар етудегі мақсаты – трагедияға себеп болған қоғамдық, әлеуметтік жағдайларды анықтау, оқиғаның өмірлік мәнін көрсету. Шынында, қараңғылық пен ескі салт-сана дәуірлеп тұрған заманда ғашықтар тағдырының қайғылы аяқталуы қисынды деп ойлаймын» т.б.

Осылайша оқыту-талдаудың ұтымды жағы мынада:

1. Ақиқатқа жету, проблеманы шешу үшін ізденеді, зерттейді.
2. Оқығанды ой жүгіртіп, зерделеп қабылдауына негіз болады.
3. Оқушы мәтінге жүгініп, өз ойы, болжамын, көзқарасын айтуға машықтанады.
4. Оқытудың жалғаспалық, жүйелілік принципі тоғыса келіп, оқушыға терең білім беру жүзеге асады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әдебиетті оқытуда қандай сабақ түрлері қолданған жөн?
2. Әдебиет сабақтарында қолданылатын әдістер жайла не білесіздер?
3. Шығармашылық әдіс дегеніміз не?
4. Көркем шығарманы талдаудың қандай жолдары бар?
5. Белгілі бір көркем шығарманы алып, талдау жүргізің?

Ұсынылатын әдебиеттер:


1. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. – Қ.: Рауан, 1998.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – А.: Санат, 2002.
3. Жумажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А.: Билим, 2009.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А.: Рауан, 2007.

IV. ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР МАЗМҰНЫ

1-практикалық жаттығу: Заманауи оқыту әдістері және педагогикалық технологиялар. Оқытудың дәстүрлі болмаған қалыптары.

1-тапсырма: Проблеманың қойылуы.

1-топ: Қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдістердің ерекшеліктерін айқындау. Төмендегі кестені үйреніп, толтырыңыз.



2-топ. Дәстүрлі және инновациялық оқыту технологияларының ерекшеліктері жайлы мәліметтер береді.

Негізгі сиппатамалары	Білім берудің дәстүрлі үлгісі	Білім берудің инновациялық үлгісі
-	-	-

3-топ. Төмендегі кесте бойынша инновациялық технологияларға сипаттама жасайды.

	Технологияның аты, авторы, әдебиеттер.	Мақсаты.	Ерекшеліктері.	
			Тұжырымның	Мазмұны мен әдістерінің
	<p>Ынтымақтастық педагогикасы. Әдебиеттер: Берулаева М.Н. “Общепедагогический гуманизации образования” Педагогика №5. 1994 Селевко Г.К.Тихомирова Н.К. “Педагогика сотрудничества”. Методические рекомендации. ч. I,II. Ярославль, 1988-89.</p>	<p>-талап ету педагогикасына қарым-қатынас педагогикасына ету; -балаға ізгілік тұрғысынан қарау; -оқыту мен тәрбиенің бірлігі.</p>	<p>-мұғалім-оқушы, оқушы-мұғалім, оқушы-оқушы. Оқушы да субъект, мұғалім де субъект. -Екеуінің бірлік одақта қызмет істеуі, бір-бірін басымдық көрсетпеуі. -Жалпы мектеп ұжымының арасында өзара ынтымақ болуы.</p>	<p>-балаға жеке ізгілік қарым-қатынас; -дидактикалық белсендіруші және дамыту-шы кешені; -тәрбиелеу тұжырымда-сы; -қоршаған ортаны педагогикаландыру.</p>

Бақылау сұрақтары:

- 1.Интерактив әдістер дегеніміз не?
- 2.Интерактив әдістердің тиімділігі неде?
3. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында қандай интерактив әдістерді қолдану ерекшеліктері.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004.
- 2.Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – // Қазақстан мектебі, № 4, 2008.
- 3.Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007.
- 4.Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

2-практикалық жаттығу: Тіл білімі салаларын оқыту әдістемесі.

1-тапсырма: Тіл білім қандай салалардан тұрады?

салалары	анықтамасы
Фонетика	
Лексика	
Морфология	
Синтаксис	

2-тапсырма:

Тіл білімі салаларына талдау жүргізу үлгілері

Төмендегі синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің құрамындағы сөз тудырушы жұрнақтарды тауып, олардың қай сөз табының жұрнағы екенін ажыратып, омоним морфемаларға талдау жасаңыздар.

Белгілі, орынды, оқырман, бөлімше, жұмыскер, шыңғару, байланыс, түндік, жабулы, төсек, тырнақ, белдеу, ойыншық, мекенде, білімді, балықшы, жатақхана, көрікті, дәулетті, жолаушы, өткірлік, ақылды, жағымды, қыстау, көктемгі, қонақ, бөлек, көзік, тапқыш, көргенді, бөлме, көрсетілу, көркемдік, бөлектену, көрме, көргіш, бөлектеу, көрініс, тапқыр, көрші, көзілдірік, тапсыру, көріс, көздеу, тапсырма, бөлшек, бөлім, көргенсіздік, тапқыштық, білім, көргіштік, бөлісу, көргенсіз, бөлгіш, көрім, бөліс, көрік, көрікті, көркем, көркемдік, көркемдену, жіпсі, жібі, жіпсіз, жібіт, жаудыр, айтыс, жаулы, айтқыз, жауыз, жауын, айтулы, атты, суық, бақытты, дауылдата, бақытсыздық, желпі, басқарма, сана, бассыз, басқарушы, өрмек, киім, өрмекші, ботала.

Төмендегі сөз тіркестеріндегі септіктің орнына шылауды қолданып, үлгі бойынша екеуін де көшіріп жазыңыздар.

Ү л г і: Күнде келеді — Күн сайын келеді.

Күнде келеді, газетте хабарлау, тротуармен өту. Асқарға алды, еңбектегі табысына сыйлады, өзінің жұмысын айтты, таумен өту, ұялшақтығына кейиді, жылда өседі, қиын-қиын мәселелерді талқылады, өз ойын айтып берді, жұмысқа келді.

Көп нүкте орнына төмендегі жұрнақтардың бірін жалған, туынды түбір жасаңыздар.

1. Әйел сән... да, бауыр... да екен. 2. Бұрын... қылжақ, әзіл... мінездерінің бірі байқалмайды, байсалды жігіт сияқты. 3. Сөз... шапшаң, от... кісі бола тұра, одан әрі аузын бағып үн...меді. 4. Бос қолым бұрау..., бос аузым шырмау... дегейсің. 5. Салтанат...қыз тіпті жинақы, ыңғай... Салмақ... жаб...Аманға да салқын тұр. 7. Жаңа ғана көтері... көңілдер кірбің тартты енді. 8. Таны... әдіс миға тез қонды. 9. Аш... от.. әйел. 10. Әйелінің, өзгеше бір мінезі — қызған... (Ғ Мұст.).

Жұрнақтар: *-мал, -қой, -шақ, -ық, -шең, -с, -де, -лы, -іңкі, -тей, -ты, -ғы.*

Текске жалпы морфологиялық талдау жасаңыздар.

1. Жүргіншілер ойға, жазаң жерге келіп түскенде, бағанадан; бұларға көрініп, өздеріне қарай асығып, тырағайлап шауып келе жатқан аттылардың алдыңғы екеу-үшеуі үйме-жүйме қатар жетті. Омырауларын тер басқан, демігіп танауратқан сәйгүліктерді зорға тоқтатқан ауыл кісілері, күймеге соқтыға жаздап, дабырлап сәлем берісті. Қуаныштың айғай-шуын, шат күлкісін Әбіштің алдынан ала шықты (М. Ә.).

- II. Бұлғақтап өскен жалғыз қыз бұлай болған соң, бәйбіше үйінің ішін үгіттеп, Шұғаны өлімнен құтқармақ болысады. Оның емі — Әбдірахманды ел болып ақтап алып, той қылып екі жасты қосу. Балаға деген мейірменшілік Есімбекке мұны да еріксіз істетпек болады. Ағайын туғандарымен ақылдасып, болыстан өтініп, Әбдірахманды қайтартпақ болды (Б. М.).

Морфологиялық талдау үлгісі

Зерттеу нысандарына қарай морфологиялық талдаудың үш түрі кеңінен қолданылады.

Сөз құрамы

Сөздің тұлғасы

Сөз табы

Сөз құрамы

Сөз құрамына қарай екі бөлшекке, түбір және қосымшаға бөлінеді. Мысалы, *Балалар сырғанақ тепті.*

Балалар - *бала* - түбір сөз, *лар* - қосымша, көптік жалғауы.

Сырғанақ - *сырғана* - түбір сөз, *қ* — қосымша жұрнақ етістіктен зат есім тудырушы жұрнақ

Тепті - *теп* - түбір сөз, *ті* - қосымша, жұрнақ, жедел өткен шақтың жұрнағы.

Сөз тұлғасы

Сөз тұлғасына қарай, дара (түбір сөз және туынды түбір) және күрделі (біріккен, қосарланған, тіркескен, қысқарған) болып екіге бөлінеді.

Ташкент-	күрделі, біріккен сөз
Бала-	дара, Түбір сөз
Қызыл сары-	күрделі, тіркескен сөз
Малшы-	дара, туынды
Ата-ана -	күрделі қос сөз
ЖКТУ -	күрделі, қысқарған сөз

Сөз табы

Жол үстінде бір байламға келді.

жол - зат есім, деректі, жалпы есім

<i>үстінде</i>	-	көмекші есім
<i>бір</i>	-	сан есім, септік сан есім
<i>байлатға</i>	-	зат есім, дерексіз зат есім
<i>келді-</i>		етістік, болымды салт етістік

5-тапсырма. Сөйлемдегі сөздерге синтаксистік талдау жасаңыз.

1. Әбіш биыл да жазғы демалысқа елге қайтқан. 2. Бұл сағатта Казанцев кеңседе жоқ екен. 3. Көкбайда Абылай жайын сыр етемін деген ой көптен барды. 4. Оның жүзінде қазір анық көтеріңкі шабыт бар. 5. Бірақ Долгов бұларды түске шейін бөгеді (*М. Ә.*).6.Қалай да оған көмектескім келді. Бірақ мен не істей аламын.7.Алғашқы бетте олар аз уақыт шабындықпен жүрді. 8. Содан соң орманға ілікті. 9. Соқпақ кенет бітіп қалды. 10. Көз байлана бастады (*М. И.*). 11. Ақлиманың қасына Қайсар келді де, қызды отауға қарай жетелеп әкетті. Оның саған не керегі бар? (*Ғ. М.*).

Синтаксистік талдауды мына үлгіде жүргізуге болады

Сөйлемнің айтылу сазы мен мақсатына қарай түрлері (*хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты*).

Сөйлемнің құрылысына қарай түрлері (*жай және құрмалас сөйлем*).

Сөйлем мүшелерінің, түрлері (*тұрлаулы, тұрлаусыз*). Сөйлем мүшелерін өздеріне тән шартты белгілермен сызып көрсетеміз.

Бақылау сұрақтары:

- 1.Тіл білімінің қандай салалары бар?
2. Тіл білімінің салаларына қарай талдау қандай жолдар арқылы жасалады?
3. Көркем туындылардан үзінді алып тілдік талдау жасаңыз?

Әдебиеттер тізімі:

1. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Т.: Өзбекстан, 2003.
2. Исабаев Ә.Қазақ тілін оқыту методикасы. Ташкент-2003.
- 3.Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. А., 2001.
- 4.Оразбаева Ф.Ш.,Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.А.,2005.

3-практикалық жаттығу: Қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстары.

Проблеманың қойылуы

Тыңдаушыларға топпен бірге орындайтын негізгі тапсырмалар мен сұрақтар:

☑ Сипаттама беріңдер:

1. Түсіндірмелі талдаулар. Бұған мына талдаулар жатады: 1) лексикалық талдау әдісі; 2) фонетикалық талдау әдісі; 3) морфологиялық талдау әдісі; 4) синтаксистік талдау, әдісі.

2. Анықтауыштық талдаулар: 1) орфографиялық талдау әдісі; 2) пунктуациялық талдау әдісі; 3) орфоэпиялық талдау әдісі; 4) стилистикалық талдау әдісі.

☑ Мәлімет келтіріңдер:

1. Методика тарихында талдау әдісін ғылыми дәрежеге көтерген педагог - Константин Дмитриевич Ушинский.

2. Талдау әдісте білім меңгерту, лекция, практикалық дағдыны қалып тастыру, практикум, семинар, сынақ, лабораториялық тексеру сабақтарында қолданылуы.

☑ Мысалдармен дәлелдеңдер:

1. Талдау әдістеріні материалы - дидактикалық материалдар. Олар екі топқа жіктеледі: 1) теориялық материалдар: тақырыпты термині, анықтамасы, ережелері, өзіндік ерекшеліктер 2) практикалық материалдар: сөздер, сөйлемдер, мәтіндер (фразалар, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер). (қ. бет). Бір бүтін ұғымның, заттын, бойындағы әр мәтін элементтердің реляциясы мен бірлігін құрылым деп атайды.

☑ Үлгі көрсетіңдер:

• Фонетикалық, лексикалық, морфоологиялық және синтаксистік талдауларға үлгілер көрсетіндер.

Бақылау сұрақтары:

1. Тіл дамыту дегеніміз не?
2. Тіл дамытудың қандай түрлері бар?


Әдебиеттер:

1. Әбілқаев А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. -Алматы, 1995.
2. Жүнісбек Ә. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.А., 1998.
3. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. -Алматы, 1999.
4. Исабаев Ә.Қазақ тілін оқыту методикасы. Ташкент-2003.
5. Күлмағамбетова Б.К. Қазақ тілін оқыту методикасы. -Алматы, 1988.
6. Қазақ тілі оқулықтары мен бағдарламалары.

4-практикалық жаттығу: Қазақ әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері

1-тапсырма. Қазақ әдебиет тарихы сабақтарында инновациялық технологияларды пайдалану. Лирикалық, эпикалық шығармаларды оқытуда «Ақыл картасы», «Екі жақты күнделік стратегиясы», «Панорамма», «ПСМК» т.б. интербелсенді әдістерден пайдалану.

Әдебиет сабақтарында өтілетін тақырыптарды тараулар бойынша “Ақыл картасы” кестесіне толтырыңыз.



С.Торайғыровтың “Бір адамға” өлеңін “Екі жақты күнделік стратегиясы” әдісі арқылы талдау жүргізіңіз?

Өлеңнен өзіңізге әсер еткен шумақты жазыңыз	Шумақтың мән-мазмұнын айтып береніз	Шумаққа мақал-мәтел немесе қанатты сөздермен қорытыныды жасаңыз

2-тапсырма: Көркем туындыны талдау жұмыстары. Паннорама әдісі.

Проблеманы анықтау	Келіп шығу себептері	Шешімі	Жеке басым не істер едім



3-тапсырма. Суреттерге назар аударыңыздар, суреттегі тұлғаларды қалай байланыстырар едіңіздер?



Бақылау сұрақтары:

- 1.Қандай интербелсенді әдістерді белесіз?
2. Әдебиет сабақтарында интербелсенді әдістерді пайдаланудың тиімді жолдары?
- 3.Әдебиет сабақтарында көркем шығарманы талдауда “Паннорама” әдісінен пайдаланыңыз?

Әдебиеттер тізімі:

1. Толипов Ы., Усмонбоева М. Педагогик технологияларнинг татбикий асослари. – Т.: Фан, 2006.

2. Толипов Ы.Қ., Усмонбоева М. Педагогик технология: назария ва амалиёт. – Т.: “Фан”, 2005.

3. Бітібаева Қ. Қазақ әдебитін тереңдетіп оқытуда инновациялық әдістемесі және технологиясы. Бірінші. – А.: Дәуір-Кітап, 2012.

4. Бітібаева Қ. Қазақ әдебитін тереңдетіп оқытуда инновациялық әдістемесі және технологиясы. Екінші. – А.: Дәуір-Кітап, 2012.

5-практикалық жаттығу: Әдебиет пәнін оқытуда ауызша және жазбаша тіл дамыту технологиясы

1-тапсырма. Тіл ұстарту жұмысының түрлері сыныптарға, оның ерекшеліктеріне сай жүргізіледі. Төменде берілген сыныптар бойынша тіл дамыту жұмыстары қай дәрежеде алып бару үлгісін берілген кесте бойынша толықтырыңыз.

<i>сыныбы</i>	<i>Тіл дамыту жұмыстарының түрлері</i>	<i>Мысал келтір</i>
<i>V</i>		
<i>VI</i>		
<i>VII</i>		
<i>VIII</i>		
<i>IX</i>		

2-тапсырма: *Мазмұндау, олардың түрлері. (мысал келтір)*

1) мәтінге жуық мазмұндау. Бұл көбіне ықшам мәтіндерге қолданылады.

2) Көркем шығарманың мазмұнын қысқаша мазмұндау көлемді мәтіндерге қатысты.

3) Шығарманың жағын өзгерте мазмұндау.

Бақылау сұрақтары:

1. Әдебиет сабақтарында тіл дамыту жұмыстары қандай жолдармен амалға асырылады?

2. Ауызша және жазбаша тіл ұстарту дегеніміз не?

3. Әдебиет сабақтарында тіл дамыту жұмыстарына қандай талартар қойылады?

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетін жаңа технологиямен оқытудың кейбір жолдары (методикалық жинақ).

2. Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. А., 1999.

3. Ақшолақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. А., Мектеп, 1993.

V. ОҚУ МОДУЛІ БОЙЫНША КЕЙС ҮЛГІСІ

Оқытудың интерактивті әдісі ретінде кейс студенттер тарапынан қолдау табуда: олар мұнда оқу материалының теориялық ережелерін меңгеру мен практикалық игеруді қамтамасыз ететін ойынды көреді. Сонымен қатар, жағдайды анализ жасау студенттердің кәсіби жетілуіне өте күшті әсер етеді, олардың есеюіне әкеледі, олардың сабаққа деген қызығушылығы мен оң көзқарасын қалыптастырады.

Кейс-әдісі оқытушының ойлауын бейнесі ретінде көрініс табады, оның басқаша ойлау мен әрекет жасауына, өз шығармашылық күш -жігерін жаңартуға әсер ететін ерекше парадигмасы. Бұл жерде негізгі мәселелер оқу барысын кең түрде демократияландыру мен түрлендіру, оқытушылардың еркіндігі, олардың прогрессивті ойлау стилін, педагогикалық қызметінің этикасы мен мотивациясын қалыптастыру ретінде көрініс табады.

Кейс-стади туралы түсінік



Кейс-стади ағыпшынша case - анық жағдай, stadi – оқу сөздерінің тіркесінен жасалған болып, анық жағдайларды үйрену талқылау және нәтижелерге қол жеткізуге негізделген оқыту әдісі. Бұл әдіс проблемалы оқыту түрінен айырмашылығы реал оқиғаларды үйрену негізінде анық қаулылар қабылдауға негізделеді. Егер ол оқу процесінде белгілі бір мақсатқа жету жолы ретінде қолданылса, әдіс характеріне ие болады, белгілі бір процесі талқылауда басқышпа-басқыш, алгоритм негізінде іс асырылса технология тұрғысынан көрініс табады.

Кейс типологиясы

Типологиялық түрлері	Кейс түрлері
Негізгі материалдар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тікелей объекте алып барылатын 2. Оқу процесіндегі 3. Ғылыми-зерттеу еңбектерінде
Сюжет	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сюжетті 2. Сюжетсіз
Жағдайаттың баяндалу уақытының біріділігі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өткен мен бүгінгі күнді байланыстыру негізіндегі кейстер 2. Бұрын болып өткен оқиғаларға негізделген кейс 3. Болашаққа бағытталған кейс
Кейс нысаны	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жек объектке бағытталған 2. Көп объектке бағытталған
Материалды ұсыну әдістері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Әңгіме 2. Эссе 3. Есеб 5. Очерк 7. Фактілер кешені 8. Статистикалық материалдар кешені

Кейс типологиясы

Типологиялық белгілері	Кейс түрі
Көлемі	1. Қысқа 2. Орта көлемді 3. Ауқымды
Структуралық өзіндік ерекшеліктері	1. Анық структураға не болған 2. Анық структураға не болмаған
Оқу тапсырмаларын ұсыну әдісі	1. Сұрақтар 2. Тапсырма көрінісінде
Дидактикалық мақсаты	1. Проблема, шешім немесе концепцияны талқылау 2. Белгілі бір тақырыпқа байланысты тренинг жаттығуына байланысты 3. Анализ және бағалауға байланысты 4. Проблеманы табу және шешу, басқаруға тиісті қаулылар қабылдауға үйрету
Ұсыну әдісіне қарай	1. Баспа 2. Электронды 3. Видео-кейс 4. Аудио-кейс 5. Мультимедиа-кейс

Кейсті амалға асыру басқыштары:



Кейс бірыңғай ақпараттық кешен болғандықтан, ол үш түрлі бөлімнен тұрады:

- 1) кейс дайындау бөлімі
- 2) нақты жағдаяттар бөлімі
- 3) кейске кіретін қосымша тапсырмалар.

Мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда кейс мынадай кезеңдер бойынша дайындалды.

1-кезең. Мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың мақсатын айқындау.

2-кезең. Кейсті түзуге материалдар жинау. Сыныптағы оқушылар саны және олардың қазақ тілі пәнінен білім деңгейлері мен сөздік қорының көрсеткіші;

3-кезең. Мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды жинақтау;

4-кезең. Сабақтың қай кезеңінде кіргізуге болатынын болжау;

5-кезең. Оқушылардың күтілетін нәтижені болжау;

6-кезең. Нәтижеге қол жеткізу үшін кейсте кемшіліктерді жою.

7-кезең. Мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды қазақ тілі сабағына енгізу.

1 – үлгі-сабақ.

1) презентация – мұғалім оқушылардың барлығына бірдей сабақтың мақсатына қарай белгілі бір проблема қояды. Осы проблеманы түсіндіреді.

2) Ұстанымы – оқушылар мұғалім түсіндірген проблема бойынша өз пікірлерін дәптерлеріне жазады. Әрбір оқушы өз идеяларын жеке жазып, басқа оқушылардан көшірмейді. Оқушылардың жазған ұстанымдары кейінірек проблеманы топ болып талқылағанда қажет болады.

3) Проблеманы талқылау – оқушылар проблеманы топ ішінде талқылап, дұрыс шешім шығарады. Топ ішінде оқушылар бір-біріне үйретеді, үйренеді.

4) шешім шығару – топ ішінде қабылданған шешімді басқа топтарға айтып, өзінің пікірін дәлелдеу. Басқа топтарда айтылған пікірге өз көзқарастарын білдіреді. Мысалы, мұғалім оқушыларға мынадай мазмұнда мәтінді тақтаға жазады:

«Бұлақ»

Біздің ауылдың маңында бұлақ ағып жатыр. Бұлақтың суы лас,лай. Бұлақ бірнеше жылдан бері қараусыз қалған. Жан-жағына шөптер өсіп кеткен. Бұлақтың суын ауыл тұрғындары пайдаланбайды.

Мұғалім мәтінді оқып, оқушыларға мынадай проблеманы шешуді ұсынды.

Шешілетін проблема: Бұлақтың суы қандай болуы керек.

Оқушылар проблеманы шешуге топ болып кірісті. Әрбір топ өздерінің көзқарастырын ортаға салды.

Бірінші топтың оқушылары мынадай мазмұнда мәтін құрастырды:

Біздің ауылдың маңында бұлақ бар. Бұлақтың суы мөлдір, таза болуы керек. Ауыл адамдары бұлақты үнемі күтіп, таза ұстайды.

Екінші топтың оқушылары: Бұлақты үнемі тазалау қажет. Сонда оның суы таза болады. Бұлақтың суымен адамдар шөлін қандырады.

Үшінші топтың оқушылары: Бұлақ көрсең – көзін аш деген бар. Балалар, үлкендер үнемі бұлақты тазалап ұстауы керек. Бұлақтың суы қыста жылы, жазда салқын болады.

Кейс технологиясының ұтымдылығы төмендегідей:

- оқушылар өзара пікірталастыруға, өзінің пікірін дәлелді құруға дағдыланды;

- топ ішінде белсенді тілдік қатынас орнады;

- проблеманы өздігінен шешуге ұмтылды, шығармашылық жұмыстарды орындауға үйренді;

- тапсырмада берілген сұрақтарға жауап іздеп, өзіндік пікір айтуға дағдыланды;

- ауызша сөйлеу дағдылары жетіліп, мәтін құрастыру біліктері дамыды.

VI. ӨЗІНДІК БІЛІМДІ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Өзіндік білімді ұйымдастыруда әр бір тыңдаушы өзінше меңгеруі мен қабілетін есепке ала отырып төмендегі формалардан пайдалануға болады: 1) кейбір теориялық тақырыптарды оқу әдебиеттер көмегеніде үйрену; 2) берілген тақырып бойынша реферат дайындау және қоғрау; 3) шығарма, мақала дайындау.

Өзіндік білім тақырыптары:

1. Қазақ тілін оқыту методикасының салалары.
2. Қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері.
3. Оқыту әдістерінің классификациясы мен құрылысы.
4. Әңгіме, түсіндіру әдістерінің құрылымы.
5. Талдау әдістерінің құрылымы.
6. Көшіріп жазу мен диктант жазу әдістері.
7. Қазақ тілін әдебиет материалдарымен байланыстырып өту әдістері.
8. Түсініксіз сөздерді меңгерту тәсілдері.
9. Көрнекі әдістер құрылымы.
10. Оқыту қалыптарының классификациясы мен құрылымы.
11. Жаңа, біріккен қалыптар құрылымы.
12. Бекіту, қайталау қалыптарының құрылымы.
13. Тексеру, талқылау қалыптарының құрылымы.
14. Сабақ жоспары және оның түрлері.
15. Фонетиканы оқыту әдістемесі.
16. Лексиканы оқыту әдістемесі.
17. Грамматиканы оқыту әдістемесі.
18. Пунктуацияны оқыту әдістемесі.
19. Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің нысаны қарастыратын мәселелерін айқындау.
20. Әдебиетті оқыту әдістері мен түрлерін принциптік жолмен негіздеу.
21. V-XI сыныптарға арналған бағдарламаның құрылысы мен мазмұнын жіктеп баяндау (конспектілеу)
22. Оқулықтардағы ғылыми негізде баяндалған дәлелдер, түсініктер, заңдылықтар (ой додасын өткізу)
23. Шығармашылық оқу әңгіме және репродуктивті әдістердің негізгі ерекшеліктері.
24. Әдеби шығарманы оқу, мазмұнын ұғыну және оны талдау. (Әдебиет оқулықтары бойынша)
25. Көркем шығармаға жоспар жасау. Жай және күрделі жоспар -әрі логикалық, әрі статистикалық жұмыс екендігі.
26. Әдебиеттік шығарманы талдауда қолданылатын негізгі әдістер: мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап түріндегі әңгіме, баяндау әдістерге арналған ғылыми еңбектерді конспектілеу.

27. Мазмұндама аннотация, рецензия жазу, эпиграф жазуды үйрену туралы.
28. Жай және күрделі жоспар, лекция мәтіндерін дайындауға үйрету.
29. Жоғары сыныптарда әдебиет тарихын оқытудың проблемалары.
30. Әдебиет сабақтарында қолданылатын көрнекіліктер мен техникалық құралдарды пайдалану ерекшеліктері.
31. Сыныптан тыс ұйымдастырылатын жұмыстардың формасы мен негізгі түрлері
32. Әдебиет сабақтарында жаңа педагогикалық технологияны пайдаланудың тиімді жолдары.

VII. ГЛОСАРИЙ

Методология Methodology	зерттеу, әдіс, ілім деген сөздерден алынған термин	term derived from the term "study", "learning" and "teaching"
Технология Technology	білімдік ақпараттарды толықтырып, өңдеп, өзгертіп ұсынудың әдістері мен құралдарының жиынтығын, қажетті құралдарды оқу үрдісінде тиімді пайдалана отырып, оқушыларға жеткізе білудің тәсілдері туралы ғылым.	the science of methods and tools for completing, modifying and modifying educational information, ways to effectively communicate the necessary tools with students in the learning process.
Инновация Innovation	Инновация - жаңаша ойлаудың жолы болғандықтан, оқытудың жаңа мазмұндағы түрі.	Innovation - this is the new content that is new to the newest.
Инновациялық әдістеме Innovative methodology	инновациялық әдіс-тәсілдер мен дидактикалық құралдарды қолдану арқылы білім негіздерін меңгертудің сипатын жаңа технологиялармен толтыруға, өзгертуге бағытталған.	innovative methods and the use of didactic tools for learning the latest technologies.
Аударма transfer	әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге көшіріліп қайта жасалуы.	Reproduction and reproduction of literary works from one language to another.
Әдебиет теориясы Theory of Literature	әдеби шығарманың табиғаты мен қоғамдық қызметін зерттейтін және оны талдаудың методологиясы мен методикасын	is one of the main branches of science in literature, which determines the methodology and methodology of studying the nature and social

	айқындайтын әдебиет жөніндегі ғылымның негізгі салаларының бірі.	activity of literary art and its analysis.
Дидактикалық әдебиет Didactic literature	(грек тілінен үлгілі, өнегелі, ғибратты) ғылыми-танымдық сипатта түзілген көркем шығармалар.	(exemplary, Greek, exemplary), literary works of science and cognitive character.
Идея Idea	әдебиет шығармасында өмірдегі жай-жағдайлар, адам тағдыры баяндалғанда, суреттелгенде жазушының сөз болып отырған мәселелерге қатынасы, көзқарасы	The literature describes the situation in human life, the description of human destiny, the attitude and attitude of the writer to the problem
Кейіптеу (олицетворение) impersonation	әр түрлі табиғат құбылыстарына, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп немесе қалайда жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл.	an artistic approach illustrating various natural phenomena, lifeless objects or figuratively animated.
Меңзеу (синекдоха) synecdoche	аз бен көпті, үлкен мен кішіні ауыстырып, немесе, бүтіннің орнына бөлшекті айту, жекеше ұғымның орнына көпше ұғымды алу, алмастыру.	small or large, large or large, or, instead of the whole, say this subject, replace the concept of the plural, replace the concept of the plural.
Пейзаж Landscape	(франц. – ел, жер) - әдеби шығармадағы жаратылыстың, яки табиғаттың әсем көрінісі, көркем бейнесі.	a beautiful image of nature or nature in the creative arts.
Повесть The Tale	(орыс тілінен баяндау) – оқиғаны баяндап айтуға негізделетін қарасөзбен жазылған, көлемді шығарма, эпикалық	A versatile composition based on a story story, an average epic genre

	жанрдың орташа түрі.	
Портрет Portrait	(француз тілінен бейнеленген) - әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.	Describe the appearance of a literary hero, his appearance, his personality.
Интонация дегеніміз Intonation	сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация мына элементтерден тұрады: өз бен ой екпіні, сөйлеу қарқыны, ритмі (ырғағы), пауза (кідіріс), сазы.	to sing music. It means that the rhythm and tonight, humility, or glimmering.
Жанр Genre	әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары.	some virtuosity of literary works, vetwi profitable literary works
Әдеби процесс Literary Process	бұл белгілі бір дәуірде, сонымен қатар, ұлттар мен елдердің, аймақтардың, әлемнің күллі тарихи кезеңдерінде өмір сүріп келе жатқан әдебиеттің тарихи заңды қозғалысы.	This is a legitimate statutory movement in the definition of the epoch, as well as nationalities and countries, regions and literatures all over the world.

VIII. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
2. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – // Қазақстан мектебі, № 4, 2008
3. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007
4. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.
5. Мыңбаева А.К., Садвақасова З.М. «Оқытудың инновациялық әдістері, немесе сабақты қалай қызықты өткізуге болады»: Оқу құралы. – Алматы, 2010.
6. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі: фонетика, лексика, морфология, синтаксис. – А.: «Атамұра», 2006.
7. Сайрамбаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – А.: Абзал-ай, 2014.
8. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – А.: Білім, 1997.
9. Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – А.: Санат, 2007.
10. Ахмедов К. Әдебиеттануға кіріспе. – Қ.: Рауан, 1998.
11. Сүйіншіалиев Х. Қазақ әдебиеті тарихы. – А.: Санат, 1997.
12. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық методикасы және технологиясы. Бірінші кітап. – А.: Дәуір-Кітап, 2012.
13. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық методикасы және технологиясы. Екінші кітап. – А.: Дәуір-Кітап, 2012.
14. Инновацион таълим технологиялари /Муслимов Н.А., Усмонбоева М.Х., Сайфуров Д.М., Тұраев А.Б. – Т.: “Сано стандарт” нашриёти, 2015. – 81-б.
15. Муслимов Н.А. Бўлажак касб таълими ўқитувчиларини касбий шакллантириш /Монография. – Т.: Фан, 2004.
16. Муслимов Н.А., ва бошқалар. Касб таълими ўқитувчиларининг касбий компетентлигини шакллантириш технологияси/ Монография. – Т.: “Фан ва технология” нашриёти, 2013.
17. Педагогика назарияси / ОТМ учун дарслик. Муал.: М.Х.Тохтаходжаева ва б. Проф. М.Х.Тохтаходжаеванинг умумий тахрири остида. – Т.: “Iqtisod-moiya”, 2010. – 136-140-б.
18. Педагогика: 1000 та саволга 1000 та жавоб / Методик қўлланма. У.И.Иноятлов, Н.А.Муслимов, М.Усмонбоева, Д.Иноғомова. – Т.: Низомий номидаги Тошкент давлат педагогика университети, 2012. – 193 б.
19. Рўзиева Д., Усмонбоева М., Ҳолиқова З. Интерфаол методлар: моҳияти ва қўлланилиши / Мет.қўлл. – Т.: Низомий номли ДТПУ, 2013. – 115 б.
20. Сайидахмедов Н. Педагогик маҳорат ва педагогик технология. – Т.: Олий педагогика институти, 2003.

Электрон таълим ресурслари

1. <http://www.edu.uz> - Ўзбекистон Республикаси Олий ва ўрта махсус таълим вазирлиги портали
2. <http://www.uzedu.uz> - Ўзбекистон Республикаси Халқ таълими вазирлиги веб сайти
3. <http://www.eduportal.uz> - Ўзбекистон Республикаси Халқ таълими вазирлиги ахборот таълим портали
4. <http://www.multimedia.uz> - Ўзбекистон Республикаси Халқ таълими вазирлиги ҳузуридаги Мультимедиа умумтаълим дастурларини ривожлантириш маркази сайти
5. <http://www.bimm.uz> - Ўзбекистон Республикаси Олий ва ўрта махсус таълим вазирлиги ҳузуридаги Бош илмий-методик маркази сайти
6. <http://www.pedagog.uz> - Тошкент давлат педагогика университети веб сайти
7. <http://www.giu.uz> - Тошкент давлат педагогика университети ҳузуридаги халқ таълими ходимларини қайта тайёрлаш ва уларнинг малакасини ошириш ҳудудий маркази сайти
8. <http://www.ziyonet.uz> - ахборот таълим портали